



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY



YEARS OF
SUCCESS

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2024 ЖЫЛ

Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 31 қазандағы № 12 шешімімен бекітілген



amu.edu.kz / [amu_mua_official](#)
[MeduniverAstana](#) / [amuedukz](#)

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 2-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Мазмұны

<i>Оқиғалар күнтізбесі</i>	3
1-БӨЛІМ. УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ	5
2-БӨЛІМ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ	7
2.1. Қаржылық қызмет нәтижелері	7
2.2. Академиялық қызмет	11
2.3. Ғылыми қызметі	22
2.4. Клиникалық қызметі	27
2.5. Түлектерді жұмысқа орналастыру	32
2.6. Халықаралық ынтымақтастық	36
2.7. Университеттің кадрлық әлеуетін және басқару жүйесін дамыту	38
2.8. Инфрақұрылым және материалдық-техникалық база	40
2.9. Персонал жұмысы жүйесін автоматтандыру	41
2.10. Әлеуметтік-тәрбиелік жұмыс	43
2.11. Қоғамды ақпараттандыру	46
3-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	47
3.1. Корпоративтік басқару принциптері	47
3.2. Корпоративтік басқару құрылымы	48
3.4. Басқарма	51
3.5. Тұрақты даму	53
4-БӨЛІМ. АУДИТОР ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕРМЕН ҚОСА БЕРІЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	55
5-БӨЛІМ. АНАЛИТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР	56

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 3-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Оқиғалар күнтізбесі

Ай	Оқиға сипаттамасы
қаңтар	«Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі ел тірегі» тақырыбында жоғары оқу орындары мен колледждердің бірлескен жәрмеңкесі; «Астана медицина университеті» КеАҚ оқытушылары мен қызметкерлері арасында волейбол және дойбы бойынша Ректор кубогына арналған жарыс; - Бұлшықет биопсиясы бойынша семинар (kickoff meeting).
ақпан	«Гастроэнтерология 2024» ғылыми-практикалық конференциясы; «Шала туған балаларға нутритивтік қолдау көрсету» тақырыбындағы өңіраралық конференция; - Оқытушыларға арналған коучинг-сессия – «Молекулалық биология және генетика пәндерін оқытуда қазақ тілі терминдерін қолдану мәселелері».
наурыз	«Дүниежүзілік глаукомамен күрес күніне» арналған ашық есік күні; «Анатомия әлемі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы; «Қазақстан студенттері альянсы» республикалық қозғалысымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды; 2024 жылғы түлектердің әлеуетті жұмыс берушілермен (облыстар мен қалалардың білім және медицина басқармаларының өкілдерімен) кездесуі.
сәуір	- II Республикалық форум «Муковисцидоз: шынайылық және перспективалар»; - РРҚ ҒЗИ-дың 20 жылдығына арналған «Уран өндіретін аймақтардағы медициналық-биологиялық және экологиялық мәселелер» тақырыбындағы Х халықаралық ғылыми-практикалық конференция; «Радиологиядағы әйел денсаулығы» тақырыбында Еуразиялық мектептің жұмысы; - Халықаралық жас ғалымдар форумы; «Анатомия әлемі – World of Anatomy» халықаралық конференциясы.
мамыр	- Республикалық деңгейде «Ашық есік күні – 2024»; - Мемлекеттік қызметкерлер арасында темекі шегудің алдын алу бойынша студенттік ғылыми-практикалық конференция; «Дүниежүзілік демікпе күніне» арналған ғылыми-практикалық конференция; - Университеттің әкімшілік персоналы үшін тұрақты даму саласындағы экологиялық аспектілер бойынша оқыту.
маусым	«Minimal Invasive Urologic Meeting» халықаралық қатысумен өткен ғылыми-практикалық конференция; - Халықаралық қатысумен өткен IX Қазақстан физиологтарының съезі.
шілде	- Диплом тапсыру салтанатты рәсімі; - Жазғы мектептердің өткізілуі; - Университеттің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде қайта аккредитациядан сәтті өтуі.
тамыз	«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар рухы» филиалымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды; «Астана медициналық журналы» ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізіміне енгізілді.
қыркүйек	- Университет студенттері мен оқытушыларының Астана қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің алдын алу басқармасы өкілдерімен кездесуі; - AOSOR Asion Tutorial Astana – 2024 Азиялық-Тынық мұхиты радиологтар мектебінің ашылуы; - Қазақстан неонатологтарының ғылыми-практикалық конференциясы.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 4-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

қазан	– Университеттің 60 жылдығына арналған «Astana Medical Forum 2024» халықаралық ғылыми-практикалық іс-шарасы; – Университет базасында екі ғылыми-зерттеу институтының ашылуы: Жүрек ырғағы ҒЗИ және Респираторлық медицина ҒЗИ; – «Астана Опера» театрында Астана медицина университетінің 60 жылдық мерейтойының салтанатты өтуі; – Ботаникалық бақта «AMU RUN» жүгіру шарасы; – Еуропалық жүрек ырғағы қауымдастығының (EHRA) «Клиникалық электрофизиология және интервенциялық аритмология» халықаралық конференциясы; – «Респираторлық медицинадағы инновациялық технологиялар» ХІ конгресі.
қараша	– Erasmus University Medical Center (Erasmus MC) өкілдерімен кездесу; – Реабилитология және курортологияның басым бағыттары» тақырыбындағы халықаралық қатысумен өткен республикалық ғылыми-практикалық конференция; – «Акушериялық-гинекологиялық көмек көрсетудегі көпсалалы тәсіл» ІV халықаралық конференциясы; – Ректор кубогына арналған шахмат турнирі.
желтоқсан	– ЕСАQA Еуразиялық аккредитация және білім мен денсаулық сақтау сапасын қамтамасыз ету орталығының сыртқы сараптау комиссиясының магистратура білім беру бағдарламаларын аккредитациялау аясындағы сапары; – «Қазақстандық медициналық студенттер одағы» ҚБ-мен ынтымақтастық туралы меморандум; – «Омбудсменнің рөлі мен маңызы» тақырыбында Студенттік омбудсмендер мектебінің отырысы; – Студенттік ректорат ұйымдастырған алғашқы қайырымдылық жаңа жылдық бал-маскарад; – Сунь Ятсен атындағы Чжуншань университетінің (ҚХР) Қоғамдық денсаулық факультеті өкілдерінің қатысуымен «Қытай мен Қазақстан арасындағы жұқпалы аурулардың алдын алу және бақылау технологияларын зерттеу және қолдану» атты дөңгелек үстел.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 5-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

1-БӨЛІМ. УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ

Құрылу / қайта ұйымдастырылу күні

1964 жылғы 26 қазанда Целиноград қаласында Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің қаулысымен Целиноград мемлекеттік медицина институты құрылды.

1997 жылы институт Ақмола мемлекеттік медицина академиясы, ал 2003 жылы Қазақ мемлекеттік медицина академиясы болып қайта құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы № 451 қаулысымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақ мемлекеттік медицина академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мемлекеттің жарғылық капиталына жүз пайыз қатысуымен «Қазақ медициналық академиясы» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

2009 жылғы 6 қаңтарда «Қазақ медицина академиясы» АҚ Ұлттық медицина холдингінің құрамына енген «Астана медицина университеті» АҚ болып қайта құрылды. 2010 жылғы 13 шілдеде Университеттің мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне берілді.

««Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2019 жылғы 8 ақпандағы №167 бұйрығына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысан «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) өзгерді.

Жалғыз акционер

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі.

Миссиясы

Халық денсаулығының қазіргі және жаңа сын-тегеуріндеріне жауап бере алатын бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, жаңа білім мен инновацияларды қалыптастыру, ұлттық және жаһандық денсаулық сақтаудың ғылыми-технологиялық дамуына жәрдемдесу.

Көзқарасы

QS халықаралық университеттер рейтингіне енетін, ғылым, білім және тәжірибе үштігі қағидаттарына негізделген, үздіксіз дамып отыратын, әлемдік деңгейдегі зерттеу университеті.

Қызмет түрлері

1) білім беру саласындағы құқықтық актілерде көзделген жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандарды даярлау;

2) резидентурада жоғары білікті медициналық кадрларды және магистратура мен докторантурада (PhD) жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау;

3) жоғары кәсіптік білімі бар денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін, сондай-ақ жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

4) денсаулық сақтау және медициналық білім беру проблемалары бойынша іздестіру, іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;

5) университет Жарғысына сәйкес басқа да қызмет түрлері.

Стратегиялық бағыттары

Университеттің 2022-2026 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясы бес стратегиялық бағытты қамтиды:

1. Сұранысқа ие мамандықтар мен бейіндер бойынша бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті денсаулық сақтау мамандарын даярлау;

2. Зерттеу университетіне трансформациялану және жаңа білім мен инновацияларды денсаулық сақтау тәжірибесіне және саясатына енгізу орталығы ретінде даму;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 6-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

3. Білім, ғылым және тәжірибе үштігіне негізделген интеграцияланған академиялық медициналық орталық ретінде Университетті дамыту;
4. Кадрлық әлеуетті дамыту және басқару мен қаржыландыру жүйесін жетілдіру;
5. Университеттің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын дамыту.

Аккредитация және рейтингтер

Білім беру қызметтерінің сапасы Университеттің халықаралық деңгейде мойындалған аккредиттеу агенттіктерінде (Бүкіләлемдік медициналық білім беру федерациясы (WFME) мойындаған агенттіктер) институционалдық және мамандандырылған аккредитациялардан сәтті өтуімен дәлелденеді.

2024 жылы Университет 12 білім беру бағдарламасы бойынша аккредитациядан өтті (6B10104 «Фармация», 6B10109 «Қоғамдық денсаулық сақтау», 6B10119 «Қоғамдық денсаулық», 6B10123 «Медицина», 6B10124 «Стоматология», 6B10125 «Педиатрия», 6B10126 «Медициналық-профилактикалық іс», 7R01120 «Ересектер мен балалар нейрохирургиясы», 7R01150 «Патологиялық анатомия», 7R01148 «Ядролық медицина», 7M10102 «Медицина», 7M10124 «Жаһандық денсаулық».

Сонымен қатар Университет институционалдық аккредитациядан да сәтті өтті.

2024 жылғы халықаралық және ұлттық рейтингтері нәтижелері бойынша Университет келесі көрсеткіштерге қол жеткізді:

Times Higher Education World University Rankings 2025. Университет алғаш рет қатысып, Reporter мәртебесін алды. Қазақстанның 120 жоғары оқу орнынан тек 23 университет рейтингке енді, оның ішінде медициналық жоғары оқу орындары – екеу ғана.

UI GreenMetric World University Ranking. Университет 95 елдің арасынан үздік 1000 жоғары оқу орны қатарына енді. Ең жоғары бағаланған критерийлер: «Энергия тиімділігі және энергия тұтынуды азайту технологияларын қолдану» және «Экология саласындағы білім беру және ғылыми бастамалар».

IQAA – 2024 жылғы Қазақстанның жетекші медициналық ЖОО ұлттық рейтингі. Университет 2-орынды иеленді, ал Ғылыми жарияланымдар рейтингі бойынша Қазақстанның 86 жоғары оқу орны арасында ТОП-10 қатарына еніп, медициналық ЖОО арасында 2-орын алды.

QS Stars халықаралық рейтингі. АстМУ Қазақстандағы 4 жұлдыз (5-уден) алған алғашқы және әзірге жалғыз медициналық университет атанды.

«Атамекен» ҰКП-ның білім беру бағдарламалары рейтингі. Университет келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- «Фармация» – 1 орын;
- «Жалпы медицина» – 2 орын;
- «Қоғамдық денсаулық сақтау» – 2 орын;
- «Мейіргер ісі» – 3 орын;
- «Стоматология» – 4 орын.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 7-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2-БӨЛІМ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2.1. Қаржылық қызмет нәтижелері

Қаржылық жағдай туралы есеп

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтердің жалпы көлемі – 24 491 104 мың теңге, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 097 227 мың теңгеге артқан. Оның ішінде қысқа мерзімді активтер – 4 136 648 мың теңге, ұзақ мерзімді активтер – 20 354 456 мың теңге.

1) Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша қысқа мерзімді активтердің қалдығы:

- ақша қаражаттары – 3 628 210 мың теңге, оның ішінде:
- ағымдағы және корреспонденттік шоттардағы қаражат – 1 846 311 мың тг;
- депозиттер – 2 096 949 мың тг;
- пайдалануға шектеулі қаражат – 10 183 мың тг;
- ақша қаражаттарының құнсыздануына резерв – (325 233) мың тг.

2) қысқа мерзімді дебиторлық берешек – 69 491 мың тг;

3) қорлар – 350 803 мың тг;

4) басқа қысқа мерзімді активтер – 88 144 мың тг.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны:

1) ұзақ мерзімді дебиторлық берешек – 76 927 мың тг;

2) үлес әдісімен есепке алынатын инвестициялар – 78 469 мың тг;

3) инвестициялық жылжымайтын мүлік – 574 832 мың тг;

4) негізгі құралдардың баланстық құны – 18 119 702 мың тг, ал материалдық емес активтер – 31 653 мың тг;

5) қолдану құқығындағы активтер – 20 968 мың тг;

6) басқа ұзақ мерзімді активтер – 1 451 905 мың тг.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша міндеттемелер қысқа мерзімді міндеттемелер – 3 005 833 мың тг, ұзақ мерзімді міндеттемелер – 21 369 мың тг, меншікті капитал – 21 463 902 мың тг, оның ішінде: жарғылық капитал – 20 746 332 мың тг, бөлінбеген пайда – 717 570 мың тг.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

Есептік кезең басындағы қалдық – 4 780 029 мың тг құрады;

– есептік кезеңде түскен қаражат – 17 777 043 мың тг;

– шығыс – 19 236 230 мың тг;

– есептік кезең соңындағы қалдық – 3 628 210 мың тг.

Пайда, залал және жалпы табыс туралы есеп

2024 жылы Университеттің жалпы кірісі 16 902 188 мың теңге, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4 479 672 мың теңгеге, немесе 36,1%-ға, артық. Оның ішінде өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен кіріс негізгі қызметтен түсетін кірістер ретінде көрсетіледі, ол өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден алынған және 15 330 304 мың теңгені құрайды.

Өнім мен қызметтердің өзіндік құны – 14 336 754 мың теңге, ол тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) өндіруге тікелей байланысты нақты шығындарды қамтиды. Шығындар экономикалық мазмұны бойынша мынадай элементтерге топтастырылады: материалдық шығындар, еңбек шығындары, сақтандыру аударымдары, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы және басқа да шығындар.

Жалпы пайда – 993 550 мың теңге, ол өнімді (жұмыстарды және қызметтерді) өткізуден түскен қаржылық нәтижені білдіріп, өткізуден түскен табыс пен негізгі қызмет нәтижесіндегі өзіндік құн арасындағы айырма ретінде анықталады.

Басқа кірістер – 1 231 699 мың теңге (жалдаудан түскен табыс, бағамдық айырма, шарттық міндеттемелердің орындалмауы бойынша айыппұлдар және т.б.).

2024 жылғы операциялық залал – 725 100 мың теңге.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		63 беттің 8-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп		

Қаржылық кірістер – 340 185 мың теңге (жинақ шоттары мен ағымдағы шоттар бойынша банктік сыйақыдан).

2024 жыл қорытындысы бойынша салық салуға дейінгі пайда – 442 932 мың теңге.

Жалпы салықтан кейінгі таза пайда 442 932 мың теңге құрады.

1-кесте – 2024 жылғы кірістердің қызмет түрлері бойынша бөлінісі (мың тг)

№	Атауы	2022 жылғы факт	2023 жылғы факт	2024 жыл		Жоспардан ауытқу фактісі	
				2-ші жартыжылдықты нақтылау	Факт	абс. (+,-)	салыс. (%)
	Кірістер, барлығы	9 742 880	12 422 516	16 556 470	16 902 188	-375 718	102,1
1	Мемлекеттік органдардың кірістері	5 159 822	6 469 994	9 466 055	9 372 315	+93 740	99,01
2	Өнімді басқа тұтынушыларға сатудан түскен кірістер	3 994 308	4 955 934	6 106 999	5 957 989	+149 010	97,6
3	Сыйақы түріндегі кірістер	190 950	363 401	355 750	340 185	+15 565	95,6
4	Өтеусіз алынған активтерден түсетін кірістер	5 902	5 599	88 000	146 336	-58 336	166,5
5	Активтердің шығуынан түсетін кірістер	-	-	6 536	8 421	-1 885	128,8
6	Операциялық және тұрғын үй-жайларды жалға беруден түсетін кірістер	189 514	157 210	110 585	123 773	-13 188	111,9
7	Бағамдық айырмашылық бойынша кірістер	68 113	-	73 593	234 587	-160 994	318,7
8	Басқа да кірістер	134 271	470 378	348 952	718 582	-369 630	205,9

Университеттің 2024 жылға жалпы шығыстары өткен кезеңмен салыстырғанда 4 408 719 мың теңгеге немесе 36,6 пайызға артып, 16 459 256 мың теңгені құрады.

Әкімшілік шығыстар 1 718 650 мың теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 334 032 мың теңгеге өсті.

Өзге шығыстар 403 036 мың теңгені құрады.

2-кесте – 2024-жылғы шығыстар баптар бөлінісінде (мың тг)

№	Атауы	2022 жылғы факт	2023 жылғы факт	2024 жыл		Жоспардан ауытқу фактісі	
				2-ші жартыжылдықты нақтылау	Факт	абс. (+,-)	салыс. (%)
	ШЫҒЫСТАР, барлығы	9 460 948	12 050 537	16 550 676	16 459 256	+91 420	99,4
1	Қорлар (есептен шығару)	75 656	168 840	273 556	222 761	+57 795	81,4
2	Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	6 525 155	7 305 407	10 593 001	10 170 163	+422 838	96,0
3	Коммуналдық шығындар	129 630	165 414	286 210	264 829	+21 381	92,5
4	Байланыс қызметтері	41 066	71 438	61 504	59 620	+1 884	96,9

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		63 беттің 9-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп		

5	Материалдық емес активтерге қызмет көрсету	51 644	22 421	91 978	121 899	-29 921	132,5
6	Жеткізушілер мен мердігерлерден алынған жұмыстар (қызметтер)	401 309	1 296 265	2 520 123	2 322 812	+197 311	92,2
7	Сақтандыру	3 299	3 267	13 818	14 593	-775	105,6
8	Салықтар және әлеуметтік аударымдар	786 203	839 517	1 256 383	1 176 520	+79 863	93,6
9	Амортизация	338 706	470 816	666 650	637 250	+29 400	95,6
10	Іссапар шығындары	61 113	110 554	185 376	170 402	+14 974	91,9
11	Өрт қауіпсіздігі және арнайы талаптарды сақтау	6 356	9 821	17 841	6 156	+11 685	34,5
12	Өкілдік шығындар	1 642	8 939	60 683	57 149	+3 534	94,2
13	Директорлар кеңесін (Қадағалау кеңесін) қолдау, оның ішінде сыйақы	10 260	12 067	10 444	10 444	-	100
14	Банк қызметтері	789	871	875	883	-8	100,9
15	Басқа шығындар	1 028 120	1 564 900	512 234	1 223 775	-711 541	238,9
16	Пайда/шығын	281 932	371 979	5 794	442 932	-473 138	7 644,7

Капитал

Жалпы меншікті капитал 2024 жылдың 31 желтоқсанында 21 463 902 мың теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 9 268 745 мың теңгеге өсті.

Университеттің жарғылық капиталы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 20 746 332 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде жарғылық капитал өзгерді. 2024 жылы жарияланған акциялардың ұлғаюы 8 807 864 мың теңге сомасында акцияларға айырбасқа республикалық меншікті беруге байланысты.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы бөлінбеген пайда сальдосы 717 570 мың теңгені құрайды.

3-кесте – 2024 жылдағы күрделі шығындар

№	Атауы	2022 жылғы факт	2023 жылғы факт	2024 жыл		Жоспардан ауытқу фактісі	
				2-ші жартыжылдықты нақтылау	Факт	абс. (+,-)	салыс. (%)
1	Негізгі құралдар	257 743	1 257 551	1 388 673	1 270 459	+118 214	91,5
1.1.	Басқа да негізгі құралдар	116 277	171 316	208 229	208 181	+48	99,98
1.2.	Медициналық жабдықтар	2 487	50 412	265 523	209 528	+55 995	78,9
1.3.	Көрнекі құрал	6 644	853 737	67 617	67 617	-	100
1.4.	Компьютерлер және кеңсе техникасы	80 212	70 569	159 148	148 469	+10 679	93,3
1.5.	Қатты құралдар	4 650	94 785	341 144	289 652	+51 492	84,9
1.6.	Оқу әдебиеті	35 183	28 608	347 012	347 012	-	100
2	Құрылыс және жөндеу бойынша инвестициялар	14 763	3498	2 038 820	1 763 990	274 830	86,5
2.1.	Күрделі жөндеу	-	-	1 772 062	1 497 232	274 830	86,5
2.2.	Авторлық қадағалау	-	-	15 906	15 906	-	-
2.3.	Техникалық қадағалау	-	-	41 509	41 509	-	-

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 10-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.4. Жөндеу, жақсарту | | | 209 343 | 209 343 | - |

Университеттің кірістерінің өсуі келесі факторлар есебінен қамтамасыз етілді: ақылы білім беру қызметтерінің құнының 7%-дан 29%-ға дейін өсуі; гранттардың құнының артуы – 2023 жылы қосымша 325 млн тг, 2024 жылы – 2,8 млрд тг; гранттарды квоталау есебінен ақылы негізде оқитын студенттердің санының артуы – қабылдаудың 65%; барлық деңгейлер бойынша ЖОО-ға түсушілер санының 15-30%-ға өсуі; ғылыми жобалар бойынша қаржыландыру көлемінің 4 есеге артуы – қаржыны тиімді басқару және тиімсіз шығындарды азайтудың нәтижесінде. Қабылданған шаралар 2023 жылы қызметкерлердің еңбекақысын 67%-ға, ал 2024 жылы қосымша 20%-ға кезең-кезеңімен арттыруға мүмкіндік берді.

2024 жылы Университет 2023 жылмен салыстырғанда кірістің өсімін көрсетті: нақты түсімдер 2023 жылғы 12 422,5 млн тг-ге қарсы 16 902,2 млн тг құрады, бұл кіріс базасының 36%-ға артқанын көрсетеді. 2024 жылға жоспарланған көрсеткіштер де 345,7 млн тг-ге артық орындалды. Негізгі өсім валюталық айырма бойынша кірістер және өзге де көздерден түскен түсімдердің артуы есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылғы шығыстар 16 459,3 млн тг деңгейінде қалыптасты, бұл өткен жылғы көрсеткіштен (12 050,5 млн тг) жоғары, бірақ жоспарланған деңгейден (16 550,7 млн тг) аздау. Бұл ұйымның шығыстарды бюджет шегінде ұстап, белгілі бір көлемде оңтайландыра алғанын көрсетеді. Шығындардың ең үлкен үлесін еңбекақы төлеу (61,8%), сондай-ақ қосалқы ұйымдардың қызметтері мен салықтар құрайды.

Жыл қорытындысы бойынша 442,9 млн тг мөлшерінде пайда алынды, бұл жоспарланған 5,8 млн тг-ден айтарлықтай жоғары және 2023 жылғы нәтижеден (371,9 млн тг) 70,9 млн тг артық. Бұл қаржылық ресурстарды басқару тиімділігінің артқанын, кіріс бөлігінің сәтті орындалғанын және қаражаттың ұтымды пайдаланылғанын көрсетеді.

Осылайша, Университет 2024 жылы қаржыны басқаруда оң динамика көрсетті: кірістердің өсуі қамтамасыз етілді, пайда жоспары артығымен орындалды және шығыстар бюджет шегінде ұсталды, бұл қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 11- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.2. Академиялық қызмет

Астана медицина университетінің академиялық қызметі денсаулық сақтау жүйесін заманауи салалық талаптар мен халықаралық стандарттарға сай жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған.

Есептік жылы қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі жұмыстар жасалынды:

– халықаралық аккредитация алынды: институционалдық және WFME (Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы) мойындаған агенттіктерде 9 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредитациядан өтті;

– магистратура (геронтология, нутрициология, мейіргер ісі (бейіндік), биологиялық қауіпсіздік) және резидентура (клиникалық-зертханалық диагностика) бағдарламалары іске қосылды;

– Ташкент фармацевтика институтымен бірлесіп, фармация бағыты бойынша екі дипломды бағдарлама енгізілді;

– «Медицина» білім беру бағдарламасына қабылдау өту балы 85-ке дейін көтерілді;

– дарынды және әлеуметтік осал топтардан шыққан студенттерге арналған атаулы стипендиялар енгізілді (33 стипендия);

– студенттерге COURSERA халықаралық білім беру платформасының барлық курстарына қолжетімділік берілді (1500-ден астам білім алушы оқудан өтті) және т.б.

Есептік жылы оқу процесі білім мен денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат пен еңбек нарығының өзекті талаптарына толық сәйкес келетін, әртүрлі деңгейдегі 70-тен астам білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды.

4-кесте – Білім берудің әрбір деңгейі бөлінісінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны

Білім деңгейі		2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
академиялық бакалавриат	Медицина мектебі	1	1	2
	Стоматология мектебі	1	2	2
	Педиатрия мектебі	1	3	2
	Қоғамдық денсаулық және менеджмент мектебі	1	2	2
	Фармация мектебі	1	1	2
	Мейіргер ісі мектебі	3	3	3
магистратура		9	8	17
докторантура		4	5	5
резидентура		35	36	38
Барлығы		56	61	73

Білім алушылардың контингенті

Соңғы төрт жылда Астана медицина университетінде оқытылатындар контингентінің тұрақты өсімі байқалады. Егер 2021-2022 оқу жылында білім алушылар саны 9 688 адамды құраса, есептік жылы бұл көрсеткіш 11 137 адамға дейін артқан. Осылайша, өсім 1 449 адамды, яғни шамамен 15% құрады.

Мұндай оң динамика Университеттің талапкерлер арасындағы тартымдылығының артуын, жүзеге асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының тиімділігін және жоғары медициналық білім беру жүйесіндегі АстМУ-дың позицияларының нығайғанын көрсетеді.

5-кесте – Даярлық деңгейлері бөлінісіндегі білім алушылар контингенті

Көрсеткіш		2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Бакалавриат, интернатура	Грант	5 353	5 738	5 691	5 422
	Шарт	2 938	2 828	3 238	3 480
	ЖАО	230	247	298	366

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		63 беттің 12- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп		

	Барлығы	8 521	8 813	9 227	9 268
Резидентура	Грант	446	452	620	842
	Шарт	86	201	264	281
	ЖАО	437	426	424	431
	Барлығы	969	1 079	1308	1 554
Магистратура	Грант	87	137	143	170
	Шарт	31	14	14	38
	ЖАО			0	0
	Барлығы	118	151	157	208
Докторантура	Грант	78	91	101	107
	Шарт	2	2	0	0
	ЖАО				0
	Барлығы	80	93	101	107
Барлығы	Грант	5 964	6 418	6 555	6 541
	Шарт	3 057	3 045	3 516	3 799
	ЖАО	667	673	722	797
	Барлығы	9 688	10 136	10 793	11 137

Ескерту: * – 2024.31.12 жағдай бойынша

Университеттегі қазақ тілінде білім алатын студенттер контингенті 5 703 адамды немесе жалпы білім алушылар санының 51,2% құрайды: орыс тілінде – 3 391 адам (30,4%), ағылшын тілінде – 781 адам (7%), ал көптілді оқу топтарында – 1 262 адам (11,3%).

Ағылшын тілінде оқитын білім алушылардың санының азаюы алыс шетелдерден келетін шетелдік білім алушылардың санының төмендеуімен және бакалавриат бағдарламалары бойынша жалпы қабылдау көлемінің артуымен байланысты.

6-кесте – Оқыту тілі бөлінісінде ЖОО-дағы білім алушылар контингенті

Көрсеткіш		2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Бакалавриат, интернатура	Қазақ тілінде	4 325	4 697	5 114	5 158
	Орыс тілінде	2 327	2 326	2 499	2 645
	Ағылшын тілінде	1 044	969	865	781
	Көптілді топтар	825	821	749	684
Резидентура	Қазақ тілінде	0	76	426	545
	Орыс тілінде	969	644	552	431
	Ағылшын тілінде	0	0	0	0
	Көптілді топтар	0	359	330	578
Магистратура	Қазақ тілінде				
	Орыс тілінде	118	151	157	208
	Ағылшын тілінде				
	Көптілді топтар			0	
Докторантура	Орыс тілінде	80	93	101	107
Барлығы	Қазақ тілінде	4 325	4 773	5 540	5 703
	Орыс тілінде	3 494	3 214	3 309	3 391
	Ағылшын тілінде	1 044	969	865	781
	Көптілді топтар	825	1 180	1 079	1 262

Ескерту: * - 2024.31.12 жағдай бойынша

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 13-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Университетте ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары іске асырылып жатыр. Есептік жылы Университетте әлемнің 20 елінен келген 788 шетел азаматы білім алуда (Моңғолия, Өзбекстан, Үндістан, Түрікменстан, Пәкістан және басқалары).

Олардың ішінде 785 студент – бакалавриат және интернатура деңгейлерінде, ал 3 білім алушы – резидентура деңгейінде оқиды.

Шетелдік резиденттердің оқуы 2023-2024 оқу жылынан басталды.

7-кесте – Елдер бөлінісіндегі шетелдік студенттер контингенті

Елдер	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Үндістан	662	816	744	598	492
Түрікменстан	4	2	1	188	69
Өзбекстан	80	98	81	71	58
Пәкістан	13	129	86	63	38
Моңғолия	31	34	28	29	26
Иордания	101	91	62	26	7
Ресей	13	12	11	17	21
Қытай	5	10	6	7	7
Ұлыбритания	2	2	4	4	2
Қырғызстан	1	3	1	2	5
Әзірбайжан	2	2	2	2	5
Тәжікстан	2	3	2	1	1
Оңтүстік Корея	-	1	1	1	1
АҚШ	-	-	1	1	1
Ауғанстан	2	2	-	1	1
Мальдив аралдары	1	1	1	1	1
Нигерия	-	-	1	1	
Венгрия				1	
Украина	2	2	-	1	2
Палестина	-	2	2	1	
Жапония	-	-	1	1	
Германия				1	1
Ирак				1	1
Египет	3	2	1		
Замбия	1	1	-		
Испания	1	1	1		
Иран	1	-	-		
Ирландия	-	-	1		
Грузия	1	1	-		
Бакалавриатта жалпы	928	1 215	1 038	1 019	739
Ресей	4	4	8	8	7
Өзбекстан	24	17	11	7	12
Моңғолия	1	1	3	6	14
Тәжікстан	-	-	-	2	
Ұлыбритания					2
Грузия	-	-	1	1	0
Әзірбайжан	-	1	2	1	

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		63 беттің 14- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп		

Қытай	2	-	1	1	
Түрікменстан	-	1	2	1	1
Түркия				1	
Ауғанстан	-	-	1		
Украина	2	-	-		
Қырғызстан	-	1	-		
Үндістан	-	1	1		4
Пәкістан					3
Палестина					1
Таджикистан					2
Интернатурада жалпы	33	25	30	28	46
Түрікменстан				1	
Моңғолия				1	1
Грузия					1
Украина				1	
Ресей					1
Резидентурада жалпы				3	3
Барлығы	961	1 240	1 068	1 050	788

Ескерту: * - 2024.31.12 жағдай бойынша

2021-2025 жылдар аралығындағы білім алушыларды шығару көрсеткіштерін талдау әртүрлі себептер бойынша айтарлықтай ауытқулар бар екенін көрсетеді. 2024-2025 оқу жылында, алдыңғы жылдардағыдай, білім алушылардың шығарылуының негізгі себебі – оқу ақысын төлемеу – 306 жағдай, бұл жалпы санының 64%-дан астамын құрайды.

8-кесте – Оқудан шығарылған білім алушылардың контингенті (бакалаврлар мен интерндер)

Көрсеткіш	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы *	2024-2025 оқу жылы *
Өз қалауы бойынша	154	249	69	93
Оқу тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын және оқу орнының жарғысын бұзғаны үшін	12	9	11	13
Оқу үлгерімі үшін	6	12	16	37
Басқа жоғары оқу орындарына ауыстырылды	105	43	11	10
Басқа себептер		66	22	18
Басқа себептер (өлімге және т.б. байланысты)	1	61	1	
Оқу ақысын төлемегені үшін (шетелдіктер)	6	429	110	306
Барлығы	284	808	240	477

Ескерту: * 2024-2025 оқу жылында 2025 жылғы 17 наурыз жағдайы бойынша шығарылғандар.

Білім алушылардың үлгерімі

Бакалавриат деңгейіндегі **Медицина мектебі** бойынша негізгі үлгерім көрсеткіштеріне сәйкес сапалық көрсеткіш 7,9%-ға артқан, ал абсолюттік көрсеткіш 2,6%-ға төмендеген. Интернатура бойынша керісінше – сапалық көрсеткіш 26,2%-ға, ал абсолюттік көрсеткіш 2,6%-ға өскен.

Стоматология мектебі бойынша абсолюттік үлгерім деңгейінің аздап төмендеуі байқалады, бұл екінші курс студенттерінің (73%) төмен нәтижелерімен байланысты. Өткен оқу жылымен салыстырғанда сапалық көрсеткіштің төмендеуі де осы себептен – 2-курс бойынша

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 15- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

стоматология негіздері пәндерінің енгізілуіне байланысты білім нәтижелерінің төмен болуынан (45,5%) туындаған.

Педиатрия мектебі бойынша жазғы сессия қорытындыларына сәйкес абсолюттік үлгерім **94%**, сапалық көрсеткіш **77%** құрады. Бұл жалпы үлгерім деңгейі мен білім беру бағдарламаларын меңгеру сапасының оң динамикасын көрсетеді.

Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінде академиялық үлгерім соңғы екі жыл бойы тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталуда (шамамен 98%), бұл үлгерімі төмен студенттердің ең аз саны бар екенін дәлелдейді. Оқыту сапасы соңғы үш жылда айтарлықтай өсті: 2021-2022 оқу жылындағы 82,74%-дан 2023-2024 оқу жылында 95,17%-ға дейін. Бұл білім алушылардың білім деңгейінің артқанын және «жақсы» мен «өте жақсы» баға алушылар үлесінің көбейгенін көрсетеді. Сапалық көрсеткіштің ең елеулі өсуі 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдары арасында байқалды, бұл білім беру бағдарламаларын жетілдірумен, оқыту әдістерін жақсартумен немесе студенттерге қойылатын талаптардың күшеюімен байланысты болуы мүмкін.

Фармация мектебі бойынша сапалық және абсолюттік үлгерім көрсеткіштерінің төмендеуі шетелдік бірінші курс студенттерінің үлгерімінің төмен болуымен байланысты. Атап айтқанда, олар «Патофизиология», «Биологиялық химия», «Фармакология» пәндері бойынша үшінші курста қайта тапсырудан өтті.

«**Мейіргер ісі**» білім беру бағдарламасы бойынша 2023- оқу жылының қорытындысы бойынша сапалық және абсолюттік көрсеткіштердің төмендеуі бірінші курсқа қабылданған Түрікменстаннан келген шетелдік студенттердің тілдік кедергі мен бейімделу қиындықтарына байланысты төмен ұпай алуымен түсіндіріледі. Ал «**Кинезитерапия**» және «**Эрготерапия**» бағдарламалары бойынша көрсеткіштер тұрақты жоғары деңгейде сақталуда.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (резидентура, магистратура, докторантура) бойынша абсолюттік үлгерім мен білім сапасы тұрақты түрде жоғары деңгейде қалып отыр.

9-кесте – Білім алушылардың үлгерімінің негізгі көрсеткіштері, ұпайлары

Мамандық		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
		АҮ	СК	АҮ	СК	АҮ	СК
Медицина	бакалавриат	88	68	85,1	66,5	88,2	65,01
	интернатура	100	100	98,5	87,5	94,4	98,5
Стоматология	бакалавриат	73,5	33	89,6	70,7	88,1	62,1
	интернатура	91,5	64	90,3	76,4	99	83
Педиатрия	бакалавриат	93	62	82	56	94	77
	интернатура					100	100
Қоғамдық денсаулық сақтау		96,25	85,47	99,6	97,4	98,48	95,17
Медициналық-профилактикалық іс						98,9	94,85
Фармация		64,1	97,3	93,7	69,8	81,50	61,72
Мейіргер ісі		100	95,6	99	97,4	94,2	90,2
Кинезитерапия		100	97,5	100	94,5	98	92,6
Эрготерапия		100	100	99	96	100	100
Резидентура		97	96	98	98	98	97
Магистратура		100	100	100	100	100	100
PhD докторантура		100	100	98	100	100	100

* СК – сапалық көрсеткіш, АҮ – абсолютті үлгерім

Бакалавриат, интернатура және резидентура түлектерінің білімін тәуелсіз бағалау “Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы” РҚБ-да жүргізіледі. Жалпы Университет түлектері тәуелсіз емтихандарда жоғары нәтиже көрсетті.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 16-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

10-кесте – Түлектердің тәуелсіз емтихан нәтижелерінің динамикасы

Оқу деңгейі	Көрсеткіш	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Бакалавриат	Тәуелсіз емтиханға қатысқан бакалавриат түлектерінің саны	233	224	135
	Орташа балл	78	80	82
	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған (балдық бағалаудың белгіленген шегінен өткен) бакалавриат түлектерінің үлесі	88,8%	93,3%	97%
Интернатура	Тәуелсіз емтиханға қатысқан интернатура түлектерінің саны	716	850	1121
	Орташа балл	93	91	92
	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған (балдық бағалаудың белгіленген шегінен өткен) интернатура түлектерінің үлесі	100%	98,1%	99,5%
Резидентура	Тәуелсіз емтиханға қатысқан резидентура түлектерінің саны	362	393	449
	Орташа балл	92	90	87
	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған (балдық бағалаудың белгіленген шегінен өткен) резидентура түлектерінің үлесі	100%	98,4%	99,8%

Оқу үрдісінің сапасын бағалау

Білім беру процесінің сапасын бақылау мақсатында Білім беру процесінің сапасын аудиттеу тобы АИС Platonus жүйесіндегі «Жазбаша емтихан» модулін қолдана отырып, жазбаша емтихандардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне мониторинг жүргізді. StrikePlagiarism.com антиплагиат жүйесі енгізілді, бұл жазбаша жұмыстарды орындау кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау бақылауын күшейтуге мүмкіндік берді. 2024 жылы антиплагиат жүйесі арқылы 389 оқу тобының жазбаша емтихандары өткізілді.

2023-2024 оқу жылының екінші семестрінде және 2024-2025 оқу жылының бірінші семестрінде Университетте аралық және қорытынды аттестация аясында барлығы 7 059 емтихан өткізілді. Барлық емтихандар бекітілген кестеге сәйкес, бейне және дыбыс жазу жүйелерімен жабдықталған арнайы аудиторияларда өткізілді. Жалпы бейне және аудиофиксация арқылы өткізілген емтихандар саны: жазбаша емтихандар – 5 051, тест түріндегі емтихандар – 2 008.

Есептік жылы Астана медицина университеті академиялық адалдық қағидаттарын дамыту мақсатында аудиттен өтіп, Қазақстан Республикасының Академиялық адалдық лигасының толыққанды мүшесі атанды. Сонымен қатар, академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру және білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету саясатын іске асыру мақсатында Университеттің негізгі нормативтік құжаттары өзектендірілді: Академиялық саясат және стандарттар, Академиялық адалдық кодексі, басқа да ішкі нормативтік актілер.

2023-2024 оқу жылы ішінде Университетте білім алушылар арасында 17 сауалнама жүргізу жоспарланып, олардың 15-і сәтті өткізілді. Барлығы 14 902 респондент қатысқан, сауалнамалар Университеттің келесі құрылымдық бөлімшелерімен жүргізілді: Қабылдау комиссиясы, Білім беру процесінің сапасын аудиттеу тобы, Клиникалық қызмет пен тәжірибені дамыту орталығы, Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығы, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы, Кітапхана.

Білім беру процесінің сапасын аудиттеу тобы мектептермен бірлесіп, білім алушылардың білім беру бағдарламасына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында онлайн-сауалнама жүргізді. Сауалнама пәндерді аяқтаған соң Google Forms жүйесі арқылы өткізіледі және барлық оқу корпусстарында, кафедраларда, тестілеу кабинеттерінде және дәріс залдарында орналастырылған QR-кодтар арқылы қолжетімді.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 17- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2024 жылғы сәуір-желтоқсан айлары аралығында сауалнамаға 62 кафедрадан 7 931 білім алушы қатысты.

Қанағаттану деңгейінің жалпы орташа балы Лайкерт шкаласы бойынша 5 баллдың ішінен 4,67 құрады:

1–3 курс студенттері – 4,69

4–7 курс студенттері – 4,68

резиденттер – 4,43

магистранттар – 4,77

докторанттар – 4,29

ҮИМБ (үздіксіз интеграцияланған медициналық білім) бойынша 4 мектептен (Медицина, Стоматология, Педиатрия, Қоғамдық денсаулық және менеджмент) 892 респондент қатысты, орташа қанағаттану деңгейі 5 балдық шкала бойынша 3,68 балды құрады.

Оқытушылардың біліктілігін арттыру

2024 жылға арналған оқытушы-профессорлар құрамын (ОПҚ) тиімді оқыту технологиялары бойынша оқыту іс-шаралары жоспары аясында білім беру технологияларын трансферттеу орталығы тарапынан 41 оқу іс-шарасы өткізілді, оған 1 211 ОПҚ қатысты. Сонымен қатар, 15 жоспардан тыс семинар мен шеберлік сабағы ұйымдастырылып, онда 994 ОПҚ қамтылды.

2024 жылы біліктілікті арттыру курстарын табысты аяқтаған оқытушыларға 2 621 электрондық сертификат берілді. Сертификаттар <https://cert.amu.kz> онлайн платформасы арқылы рәсімделеді.

Білім беру технологияларын қолдану тиімділігін бағалау апробация нәтижелері бойынша өткізіледі және ол Білім беру технологияларын трансферттеу орталығының өкілінің қатысуымен ашық сабақ түрінде, бейнежазба жүргізе отырып жүзеге асырылады.

2024 жылы жаңа білім беру технологиялары (ЖБТ) бойынша енгізілген актілер саны 166 құрады.

Есептік кезеңде кафедралардың оқу процесіне келесі ЖБТ түрлері енгізілді:

Білім беру технологиялары: PBL, TBL, D-PBL, RBL, CBL – 115 акт;

Симуляциялық технологиялар – 32 акт;

Интерактивті оқыту әдістері, соның ішінде e-learning – 19 акт.

11-кесте – Инновациялық білім беру технологияларын қолдануды сипаттайтын көрсеткіштер динамикасы, %

Көрсеткіш		2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Өз жұмысында инновациялық білім беру және цифрлық технологияларын қолданатын (және осы технологиялар бойынша тиісті білімі бар) ОПҚ үлесі, %	Всего	42	47,5	65,26
	PBL	8,9	11	11,8
	TBL	7	9,7	16,94
	CBL	5,7	7,9	18,8
	RBL	4,1	8,4	14,9
	Цифрлік және т.б.	34,2	38,5	46,92
Инновациялық белсенділік индексі		79,6	79,6	88,9

2024 жылы Университеттің 605 оқытушысы білім беру технологияларын енгізу процесіне қатысты:

– PBL – 14, ОПҚ – 109;

– TBL – 15, ОПҚ – 157;

– RBL – 43, ОПҚ – 138;

– CBL + TRCBL – 38+5, ОПҚ – 174;

– Цифрлік и др. – 51, ОПҚ – 435.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 18-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Кітапхана қызметін ұйымдастыру

2024 жылы Астана медицина университетінде 2023 жылы басталған кітапхананы жаңғырту жобасын іске асыру жалғастырылды. Жобаның мақсаты – заманауи, ыңғайлы және қолжетімді ғылыми-білім беру кеңістігін қалыптастыру, оны цифрлық ресурстар мен жаңа ақпараттық технологиялармен интеграциялау.

Жоба аясында жалпы ауданы 2 270 м² болатын кітапхана кеңістігі Open Space форматында кезең-кезеңімен жаңғыртылды. Бүгінгі күні жобаның орындалу деңгейі 90% құрайды. Кітапхананың үш қабатында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, инфрақұрылым жақсартылды және ресурстарға еркін қолжетімділік үшін қолайлы жағдай жасалды.

Кітапхананың функционалдық мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейді:


- оқу залдарының ауданы 817 м²-ден 1 947 м²-ге дейін ұлғайды;
- отыратын орындар саны 212-ден 450-ге дейін көбейді;
- кітап беру пункттері саны 9-дан 11-ге дейін артты.

Материалдық-техникалық база жаңартылды:

- автоматтандырылған есеп жүйесіне арналған RFID-жабдықтар сатып алынды;
- арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған жабдықтар орнатылды («ТОРАZ HD 440842-001 Версия А» стационарлық бейнеүлкейткіші, көзі көрмейтін және нашар көретін адамдарға арналған «Clear Reader» оқитын құрылғы);
- заманауи компьютерлік техника сатып алынып, ИРБИС жүйесіне техникалық қолдау қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, білім алушылар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында, демеушілік қолдау (Халық банк және SatGlobal) есебінен 2024 жылғы наурыз айында Жеңіс даңғылы, 35А мекенжайындағы жатақханада орналасқан оқу залына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ол жаңа жиһазбен жабдықталды.

2024 жылы жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда көрсеткіштерде айтарлықтай өсім байқалды: кітапханаға келушілер саны 3,5 есеге артты және 200 097 жетті; кітап беру көлемі екі есеге көбейіп, 261 122 данаға жетті; тіркелген оқырмандар саны 379 адамға артып, жалпы саны 9 794 жетті.



1-сурет – 2022-2025 жылдарға арналған кітапхана қызметінің статистикасы

Астана медицина университетінің кітапхана қоры 57 867 атаудан, барлығы 499 209 дана басылымнан тұрады. Оның ішінде: мемлекеттік тілде – 140 030 дана (28%); орыс тілінде – 332 132 дана (67%); шетел тілдерінде – 27 047 дана (5%).

Оқу қоры Университеттің бейіні мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына сәйкес қалыптастырылады және жалпы қордың қажетті үлесін қамтиды: оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер – 375 192 дана (75%); ғылыми әдебиеттер – 124 017 дана (25%).

Цифрлық тасымалдағыштардағы басылымдар қоры – 10 345 дана, оның ішінде: қазақ тілінде – 2 298 дана; орыс тілінде – 7 426 дана; шетел тілдерінде – 621 дана.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 19- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Мерзімді басылымдар қоры – 9 724 дана, оның ішінде: қазақ тілінде – 244 дана; орыс тілінде – 9 383 дана; ағылшын тілінде – 97 дана.

12-кесте – Жалпы кітапхана қоры 2022-2025 жж.

Басылым түрлері бойынша жалпы қор	2022-2023 жыл				2024 жыл			
	Барлығы	Оның ішінде			Барлығы	Оның ішінде		
		қаз.т.	орыс.т.	шет.т.		қаз.т.	орыс.т.	шет.т.
	486 452	132 722 27.2%	327 392 67.3%	26 338 5.4%	499 209	1400 30 28%	332 132 67%	27 047 5%
Оқу әдебиеті	329 269 67.6%	117 178	197 695	14 396	340 583 68%	124 239	201 441	14 903
Оқыту-әдісі. әдебиет	34 202 7%	5492	28 675	35	34 609 7%	5638	28 766	205
Ғылыми әдебиет	122 981 25.2%	10 052	101 022	11 907	124 017 25%	10 153	101 925	11 939

2024 жылы «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы іске қосылды. Акция нәтижесінде кітапхана қоры мемлекеттік тілінде, ағылшын тілінде және орыс тілінде оқулықтармен 763 атау, 1 009 дана көлемінде толықтырылды. Бұл басылымдар демеушілер мен түрлі кітап саудасы және баспа ұйымдарынан тегін негізде берілді, олардың ішінде: «MedconsultsKZ» ЖШС, «МедЛитТрейд» ЖШҚ, «Геотар» баспасы, «Фолиант», «Ақнұр Пресс» және басқа серіктестер бар. Аталған акция қазақ тіліндегі және ағылшын тіліндегі баспа басылымдарымен қамтамасыз етілмеген пәндерді толық қамтуға мүмкіндік берді.

Кітапхана қорының жаңа баспа әдебиеттерімен толықтырылуы және мәліметтер базаларына (МБ), электрондық кітапханалық жүйелерге (ЭКЖ) институционалдық жазылымның болуы нәтижесінде барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларының пәндері оқыту тіліне сәйкес 100% қамтамасыз етілді.

2024-2025 оқу жылының басында Университет 9 МБ мен ЭКЖ-ге институционалдық жазылымды жүзеге асырды, олардың қатарына мыналар кіреді:

1. Cochrane Library – <https://www.cochranelibrary.com>
2. Wiley Online library – www.onlinelibrary.wiley.com
3. Jaypee digital – <https://www.jaypeedigital.com>
4. Aknurpress – <https://aknurpress.kz>
5. IPRSmart – <https://www.iprbookshop.ru>
6. LECTURIO – <https://www.lecturio.com>
7. Консультант студента – <https://www.studentlibrary.ru>
8. Консультант врача – <https://www.rosmedlib.ru>
9. РМЭБ – <http://rmebrk.kz>

Ұлттық жазылым бойынша:

1. Web of Science (Clarivate Analytics) – <https://www.webofscience.com/wos/woscc/basic-search>
2. ScienceDirect (Elsevier) – <https://www.sciencedirect.com/>
3. Scopus (Elsevier) – <https://www.scopus.com> <https://www.elsevier.com>
4. Wiley Researcher Academy – <https://www.wileyresearcheracademy.com>

Сонымен қатар жыл бойы пайдаланушыларға келесі деректер базаларына (МБ) тестілік қолжетімділік берілді: «ГЭОТАР-Медиа» баспа тобының «Консультант студента» және «Консультант врача» электрондық кітапханалық жүйелері (ЭКЖ); UpToDate, «Университетская библиотека онлайн» ЭКЖ; Cambridge University Press баспасының онлайн журналдары; сондай-ақ халықаралық баспалардың мәліметтер базалары – Primal Pictures, Access Medicine, The BMJ Group және басқалары.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 20-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Академиялық және ғылыми қызметті қолдау мақсатында студенттерге, резиденттерге, магистранттар мен докторанттарға, сондай-ақ кафедра оқытушыларына арналған онлайн және офлайн форматтағы оқыту тренингтері тұрақты түрде өткізіледі.

Бүгінгі күні МБ және ЭКЖ жүйелерінде 9 498 оқырман тіркелген, оның ішінде: кафедралардың 965 оқытушысы, 1 114 резидент. Контентті пайдалану саны 75 775 / 188 966 реттен асты, ал 2023-2024 оқу жылының өзінде бұл көрсеткіш 37 мыңнан астам болды.

Кітапхана ресурстары мен қызметтерін цифрландыру мақсатында кітапхана сайты жаңғыртылды: жаңа бөлімдермен толықтырылды, ұлттық лицензия бойынша жазылым деректер базаларына қол жеткізу қызметтері мен сатып алынған деректер базаларының қызметтері ұзартылды, барлық корпустардың IP-мекенжайлары нақтыланды, АстМУ репозиторийі орнатылды, Электрондық кітапхана жұмыс істейді. Кітапхана ақпараттық ресурстары Университеттің SmartAMU жүйесіне біріктірілді, Платонус ақпараттық жүйесі мен ИРБИС64+ арасындағы деректер біріктірілді, білім алушылар контингентінің деректері «Оқырмандар» базасына, жазылым деректер базаларына және электрондық кітапханалық жүйелерге енгізілді. Кітапхана қорының және кітапхана қызметінің статистикалық көрсеткіштері SmartAMU жүйесіндегі мониторингке біріктірілді.

Кітапхана сайты <https://elib.amu.kz/> электрондық ақпараттық ресурстарға, таратылған электрондық каталогқа <https://elib.amu.kz/lib/>, Электрондық кітапханаға <https://elib.amu.kz/elib/>, қашықтықтан қол жеткізілетін электрондық кітапханалық жүйелер мен деректер базаларына <https://elib.amu.kz/podpisnye-bazy-dannyh/>, онлайн сервистерге (онлайн қызмет көрсету, онлайн ЭОК, КБК, ЭҚА), жаңалықтар таспасына және басқа сервистерге екі тілде бірыңғай қол жеткізу нүктесін қамтамасыз етеді. Оқытушылардың ыңғайлылығы үшін сайтта әдебиеттерді, электрондық ресурстарды, мерзімді басылымдарды сатып алуға арналған өтінім нысандары, кітап саудасы баспаларының прайстары мен каталогтары, баспалар сайттарына сілтемелер, жаңа кітаптар туралы ақпарат, Кітаппен қамтамасыз ету картасын толтыру ережелері, «Пәндерді қамтамасыз ету картасы» нысаны орналастырылған.

Пайдаланушыларға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету бизнес-процестері автоматтандырылған интеграцияланған кітапханалық жүйе (АИКЖ) ИРБИС 64+ арқылы жүзеге асырылады: Администратор, Жинақтау, Каталогизатор, Кітап беру, Кітаппен қамтамасыз ету модульдері. Кітапхананың электрондық каталогы ИРБИС 64+ баспа құжаттары (оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік әдебиеттер, монографиялар, авторефераттар және диссертациялар және т.б.), сондай-ақ кітапхананың электрондық (CD, DVD) тасымалдағыштарындағы (толықмәтінді электрондық ресурстар) ақпарат туралы мәліметтерді қамтиды. Электрондық каталогтың жалпы көлемі (кітаптар, сирек кітаптар, мақалалар) 21 827 жазбаны құрайды. Құжаттарды (Университеттің ОПК ғылыми еңбектері, кітапхана қорындағы аз даналы оқулықтар, сондай-ақ Университеттің ғылыми журналдарының және конференциялар жинақтарының материалдары) цифрлау жұмыстары басталды. Цифрланған коллекциялар авторлық құқықты сақтай отырып, <https://repository.amu.kz/home> репозиторийіне және <https://elib.amu.kz/ru/elib/> электрондық кітапханаға орналастырылады.

Алдағы кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар:

Академиялық қызметті одан әрі дамыту және тиімді білім беру ортасын құру мақсатында 2025 жылы келесілерді іске асыру жоспарлануда:

- QS/THE рейтингісінің ТОП-700 қатарына кіретін жоғары оқу орындарымен (Назарбаев Университетінің Медицина мектебі, шетелдік серіктестер) және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып саналатын ұйымдармен бірлесіп жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- Minor бағдарламаларын іске қосу;
- электрондық білім беру платформаларын (Coursera, OpenU және т.б.) кеңінен пайдалану;
- білім беру саласындағы бизнес-процестерді автоматтандыру (студенттің оқытушы мен сабақ уақытының таңдау мүмкіндігі бар сабақ кестесі, оқу жүктемесі, оқу жоспарлары, жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ), оқу-әдістемелік құжаттаманы мониторингтеу және электрондық құжат айналымын келісу);

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 21- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

- орта білімнен кейінгі білім беру лицензиясын алу және қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын іске қосу;
- шетелдік студенттерді іріктеу сапасын арттыру;
- инклюзивті білім беруді дамыту және басқа да бағыттар.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 22- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.3. Ғылыми қызметі

Ғылыми-зерттеу қызметі Университеттің ғылыми құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, оқытушы-профессорлар құрамы, докторанттар, магистранттар және студенттер тарапынан Университеттің даму стратегиясының басым бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады. Университетте 92 ғылым докторы, 219 ғылым кандидаты, 85 PhD докторы, 51 профессор, 111 доцент, 208 магистр жұмыс істейді. Өндірістік персоналдың Web of Science немесе Scopus деректер базасы бойынша орташа Хирш индексі – 0,66 h. 329 қызметкердің (34,5%) Хирш индексі нөлден жоғары, олардың 79-ының индексі 3-тен жоғары.

Ғылыми-зерттеу қызметі саласында университеттің кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында келесі шаралар іске асырылды:

- ғылыми қызметкерлердің штат бірліктері 82%-ға артты (барлығы 82 бірлік, оның ішінде 19 бірлік – зерттеуші ОПК);
- оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлерге арналған ғылыми дәрежелер үшін қосымша үстемақылар енгізілді (Университет тарапынан) – 28 АЕК-ке дейін;
- ғылыми мақалалар үшін ынталандыру төлемдеріне 98 млн теңге бөлінді;
- 231 университет қызметкері ғылыми құзыреттер бойынша семинарларда оқытылды;
- «Болашақ – 500 ғалым» бағдарламасы аясында АҚШ және Нидерланд университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өтуге 8 қызметкер іріктелді;
- ғылыми кадрларды даярлау мақсатында алғаш рет PhD докторларын даярлауға ішкі университеттік гранттар (18 орын) бөлінді;
- магистратура мен докторантураға түсушілер үшін оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер енгізілді.

Ғылыми қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми белсенділігін ынталандыру мен қолдауға бағытталған инвестициялар олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылуын арттыруға, Университеттің ғылыми нәтижелілігін жоғарылатуға және жоғары ғылыми жетістіктері бар ОПК мен зерттеушілердің үлесін көбейтуге мүмкіндік берді.

13-кесте – Ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Web of Science немесе Scopus базасы бойынша өндірістік персоналдың Хирш орташа индексі	0,45	0,57	0,66
Web of Science, Scopus-та индекстелген журналдардағы мақалалар саны, барлығы	105	143	225
оның ішінде Q1-Q2 квартилі бар журналдарда	46	81	144
Q3-Q4 квартилі бар журналдарда	59	62	81
Соңғы бес жыл ішінде Web of Science немесе Scopus базаларында индекстелетін халықаралық рейтингтік журналдарда жарияланған мақалалар санының штаттық ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық персонал санына қатынасы	1:2,4	1:2	1:1,6
Web of Science немесе Scopus базасы бойынша жоғары академиялық жетістіктері бар ОПК және ғылыми қызметкерлердің үлесі: Хирш индексі кемінде 3, %	4,8	6,6	8,2

Есептік жылы қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін тиімді жүзеге асыруға арналған инфрақұрылымды қалыптастыру шеңберінде:

- екі ғылыми-зерттеу институты ашылды:

Респираторлық медицина ғылыми-зерттеу институты тыныс алу жүйесі аурулары саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, диагностика мен емдеудің инновациялық әдістерін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ жоғары білікті мамандар даярлау мақсатында құрылды.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 23-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Жүрек ырғағы ғылыми-зерттеу институты аритмология, жүрек-қан тамырлары электрофизиологиясы, молекулалық медицина және функционалдық диагностика салаларында ғылыми зерттеулер жүргізеді. Институттың негізгі мақсаты – жүрек ырғағының бұзылыстарын диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістерін дамыту, ғылыми білім қалыптастыру және жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау.

– ғылыми және оқу зертханаларын жабдықтауға 940 млн теңгеден астам қаражат бағытталды;

– сынақ зертханасы аккредитациядан өткізілді;

– референс зертханасы бар медициналық қызметкерлердің радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық оқу орталығы ашылды (МАГАТЭ жобасы бойынша 45,8 млн теңгеге жабдықталды);

– университет жанында Эндаумент қоры құрылды.

Есептік жылы ғылыми-зерттеу қызметін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

– жалпы сомасы 242,5 млн теңгеге 13 жаңа жоба іске қосылды, оның ішінде 6 грант және ҒЖБМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары, сондай-ақ 4 шетелдік грант;


– ғылыми-зерттеу нәтижелерін визуализациялау, жетістіктерді салыстыру және ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктерін ұсынатын SciVal аналитикалық платформасына жазылым бойынша қолжетімділік қамтамасыз етілді;

– Ғылыми-техникалық кеңес аясында 23 отырыс өткізіліп, 76 мәселе қаралды;

– ЛЭК (Локальды этикалық комиссия) жұмысы шеңберінде 18 отырыс өткізіліп, 256 өтінім қаралды;

– ғылыми қызмет бойынша қайта аккредитациядан өтілді.

Атқарылған шаралар ғылыми зерттеулер санының және ғылыми жобаларды қаржыландыру көлемінің өсуін, сондай-ақ Университет бюджетінде ғылыми қызметтен түсетін кіріс үлесінің артуын қамтамасыз етті.



2-сурет – Ғылыми және инновациялық жобалар саны

Есептік жылы білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту және жас ғалымдарды қолдау мақсатында келесі шаралар жүзеге асырылды:

– 5 жаңа магистратура бағдарламасы (Геронтология, Нутрициология, Биологиялық қауіпсіздік, Мейіргер ісі, Ғаламдық денсаулық) іске қосылды;

– Pre-PhD бағдарламасы (докторантураға түсушілерге арналған) енгізілді;

– ғылыми құзыреттер бойынша семинарларда 150-ден астам білім алушы оқытылды;

– Қоғамдық денсаулық сақтау бойынша диссертациялық кеңестің құрамы күшейтіліп, бағыттары кеңейтілді (Мейіргерлік ғылым бағыты енгізілді);

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 24-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	


– постдокторантура жүйесі дамытылды (3 жаңа постдокторант, жаңа конкурсқа 16 өтінім түсті);

– 3 коммерциализация реакторы өткізілді, онда білім алушылар мен жас ғалымдардың 26 жобасы мен стартапы ұсынылды.


Атқарылған жұмыстар магистратура мен докторантура контингентінің, жарияланымдар санының және студенттік ғылыми үйірмелер белсенділігінің артуына ықпал етті.



3-сурет - Магистратура және докторантурада оқитын білім алушылар контингенті



4-сурет - Web of Science және Scopus бағдарламаларында білім алушылардың мақалалары



5-сурет – Білім алушылардың ғылыми-инновациялық жобаларының саны

Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу институты

Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу институты (РРҚ ҒЗИ) бакалаврлар, магистранттар мен докторанттарды жоғары білікті кадрлар ретінде даярлау үшін Университеттің ғылыми-әдістемелік базасы болып саналады, сондай-ақ мамандар мен дәрігерлердің біліктілігін арттыру және кейінгі білім беру шеңберінде қолданылады. Соңғы 3 жыл ішінде ғылыми-техникалық бағдарлама (ҒТБ) аясында 5 магистрант диссертация қорғады, 4 PhD докторант қорғауға дайындалды, 2 PhD докторант пен 6 магистрант диссертациялық жұмыстарын жалғастыруда.

2024 жылы Институт жалпы сомасы 142 млн теңге болатын 4 отандық гранттық бағдарлама мен бір ішкі университеттік жобаны орындады. Отандық ғылыми жобалар есебінен жалпы сомасы 58 млн теңгеге 19 радиометрлік және радиоспектрометрлік жабдық сатып алынды, сондай-ақ 7 млн теңге көлемінде зертханалық жабдықтарға қызмет көрсету, калибрлеу және метеорологиялық тексеру жүргізілді.

Институт келесі жобаларды іске асыруға қатысуда:

1. Медициналық иондаушы сәулеленуді қолдану кезінде радиациялық қорғауды қолдау және жақсарту мақсатында референс-зертханасы бар ұлттық оқу орталығын құру (МАГАТЭ);

2. Радон әсерімен байланысты өкпе обырының қаупі: Қазақстандағы радон деңгейі жоғары аймақтар халқы үшін қайта бағалау (Хиросаки университеті, Жапония);

3. Консервацияланған уран кен орындарына жақын орналасқан халықтың дозалық жүктемесін бағалау және эпидемиологиялық зерттеу, сондай-ақ теріс техногендік факторларды азайту жөніндегі шараларды әзірлеу (ҚР ҒЖБМ);

4. Шу-Сарысу уран кені провинциясындағы радиациялық жағдайды бағалау және қоршаған ортаға теріс радиациялық факторлардың әсерін төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу (ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті);

5. Радиоактивті қалдықтар қоймасына жақын орналасқан Ақсу кентіндегі орта мектептің радон қауіпсіздігін бағалау және оқушылардың сәулелену қаупін төмендету жөніндегі шараларды әзірлеу (тапсырыс беруші – ҚР ҒЖБМ);

6. Солтүстік Қазақстан халқы арасында техногендік радиациялық факторлардың молекулалық-генетикалық талдау негізінде ісікті және ісіксіз бронх-өкпе ауруларының қалыптасуына әсерін зерттеу (ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті);

7. Ақмола облысының уран өндіретін өңірлерінде жер асты суларындағы радон құрамын зерттеу және халықтың дозалық жүктемесін төмендету әдістерін әзірлеу (ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті);

8. Қазақстандағы уран кен орындарына жақын тұратын халықтың сындарлы топтарын анықтау мақсатында зәрдегі уранды анықтау бойынша скрининг жүйесін әзірлеу және енгізу (ішкі университеттік грант).

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 25-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Сондай-ақ, Scopus және Web of Science базаларына кіретін жоғары рейтингтік (Q1, Q2) журналдарда 6 ғылыми мақала жарияланды, «Табиғи уран және оның радиобиологиялық әсерлері» атты монография жарық көрді, авторлық құқық нысандарына 6 мемлекеттік тіркеу куәлігі алынды, әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, бекітілді, нәтижелер денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізілді (2 енгізу актісі), жобалар бойынша аралық және қорытынды есептер дайындалып, тапсырылды.

МАГАТЭ-мен бірлескен халықаралық жоба шеңберінде референс-зертханасы бар Ұлттық оқу орталығын құру жөніндегі күнтізбелік жоспардың барлық тармақтары орындалды, Ұлттық оқу орталығы ресми түрде ашылды. МАГАТЭ жобасы аясында жалпы сомасы 45 млн 448 мың теңгеге жабдықтар жеткізілді.

2023-2024 жылдары Институт ҚР СИМ және ҚР ҒЖБМ конкурстарына қатысу үшін 13 өтінім дайындап, ұсынды, олардың 3-і Ұлттық ғылыми кеңеспен мақұлданды, 4 өтінім сараптамадан өтуде.

2024 жылы Радиохимия және радиоспектрометрия сынақ зертханасы ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 «Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар» стандартына сәйкестік бойынша қайта аккредитациядан өтті. Бағалау нәтижелері бойынша сынақ зертханасы 5 жыл мерзімге аккредиттелді.

Академик Е. Д. Даленов атындағы профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институты

Академик Е. Д. Даленов атындағы профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институтының (ҒЗИ) қызметі профилактикалық медицина (ПМ) саласында жоғары білікті кадрларды магистратура, докторантура және постдокторантура арқылы даярлауға, аурудың бастапқы, қайталама және үшінші профилактикасының ғылыми-білім беру негіздерін құруға, ПМ, салауатты өмір салты, қоршаған ортаны қорғау және еңбек гигиенасы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге, жаңа қауіпсіз азық-түлік өнімдерін әзірлеуге, сонымен қатар салауатты өмір салтын, рационалды тамақтануды енгізуге және т.б.бағытталған.

Есептік жылы ҒЗИ қызметкерлері 18 авторлық куәлік, 2 пайдалы модельге патент, 9 халықаралық конференциялар мен байқауларда жүлделі орын алды, 3 жоба (оның ішінде 2 отандық және 1 халықаралық) жеңіске ие болды, Ұлттық зияткерлік меншік және ғылыми-техникалық сараптама орталығы жүйесі арқылы 5 өтінім берді (1 жеңіп алды, 2 қаралуда), 5 ынтымақтастық туралы меморандум жасады, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымыме бірлесіп профилактикалық медицина бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды.

ҒЗИ келесі жобаларды іске асыруға қатысуда:

1. Арнайы медициналық топтарға жатқызылған білім алушылардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған медициналық-ұйымдастырушылық іс-шараларды жетілдіру (ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті);

2. Алиментарлы тәуелді аурулар кезінде нутрицевтиктерді қолданудың тиімділігін ғылыми тұрғыдан негіздеу («Ambay Central Asia» ЖШС);

3. Салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қызметтері (Астана қаласының ҚДС басқармасы).

Сондай-ақ ҒЗИ-да жүргізілген ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін коммерцияландыру бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда: «Негізгі нутрициология» атты МООС (жаппай онлайн-оқыту курсы), «Beefito oil» емдік-профилактикалық майы және «Beefly» табиғи сусыны, «Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру салауатты өмір салтын насихаттау мен аурулардың алдын алу құралы ретінде» ақпараттық-білім беру контенті.

Академик Ж.Х. Хамзабаев атындағы радиология ғылыми-зерттеу институты

Академик Ж.Х. Хамзабаев атындағы радиология ғылыми-зерттеу институты – сәулелік диагностика және сәулелік терапия саласы бойынша мамандар даярлауға арналған ғылыми-әдістемелік база. Институттың қызметі сәулелік диагностика мен сәулелік терапияның жаңа бағыттарын құру және қолданыстағыларын дамытуға, сондай-ақ интервенциялық радиология мен ядролық медицинаны жетілдіруге бағытталған.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 26- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2024-2025 оқу жылында институтта барлығы 11 білім алушы оқиды: 8 PhD докторант (оның ішінде 4 адам – 1-жыл, ішкі университеттік грант иегерлері, 2 адам – 2-жыл, 2 адам – 3-жыл) және 3 магистрант (1 адам – 1-жыл, 2 адам – 2-курс). Соңғы 3 жылда 2 PhD докторанты мен 2 магистрант диссертация қорғады.

2024 жылы Институт қызметкерлері Scopus және Web of Science базаларына кіретін жоғары рейтингтік журналдарда (Q1-Q4) 12 ғылыми мақала жариялады (оның ішінде 6 мақала Q1-Q2, 6 мақала Q3-Q4). 3 авторлық құқық объектісіне мемлекеттік тіркеу куәлігі алынды, әдістемелік ұсынымдар бекітуге дайындалуда. 16 енгізу актісі бойынша зерттеу нәтижелері денсаулық сақтау практикасына енгізілді, жобалар бойынша аралық және қорытынды есептер дайындалып, тапсырылды. 2023-2025 жылдары ҚР СИМ және ҚР ҒЖБМ конкурстарына қатысу үшін 6 өтінім дайындалып, ұсынылды.

ҒЗИ келесі жобаларға қатысады:

– 2023 жылы ішкі университеттік гранттық қаржыландыру аясында «Астана медицина университетінің телерадиология ғылыми-тәжірибелік орталығы» жобасы іске қосылды. Жоба 2025 жылы аяқталады, жалпы сомасы 20 476 084,30 теңге. Орталық студенттерге, резиденттерге, магистранттарға және тәжірибелі дәрігерлерге арналған. Оның мақсаты – радиологияны дамыту бойынша ғылыми және практикалық шешімдерді сынақтан өткізу, зерттеу, біріктіру және үйлестіру, телемедицина технологияларын қолдана отырып медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және диагностикалық радиологияның заманауи әдістерін тәжірибелік денсаулық сақтауға енгізу.

– «Астана медицина университеті мен Қытайдың диагностикалық жабдық өндіретін жетекші компаниясы «Shanghai United Imaging Healthcare» арасында үкіметаралық ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Меморандум аясында бауырдың МРТ зерттеуіне және қатерлі мен қатерсіз түзілімдердің дифференциалды диагностикасына арналған жасанды интеллект бағдарламасын енгізу бойынша халықаралық ғылыми зерттеу жүргізілуде. Нәтижесінде 3 абстракт жарияланып, 3 ауызша баяндама Австрия, Вена қаласында өткен Еуропалық радиологтар конгресінде (ESR 2024) постер сессиясында ұсынылды. Scopus журналында жариялануға мақала дайындалуда, 1-жыл PhD докторантының ғылыми диссертация тақырыбы бекітілді, және «United Imaging Healthcare» (UIH) ғылыми бөлімінен шетелдік кеңесші бекітілді.

– 2023 жылы Қазақстанда алғаш рет клиникалық дәрігерлерді оқытуға арналған «GE HealthCare Academy» оқу орталығы ашылды. Орталық Voluson E10 және Ivenia ABUS жоғары класты УДЗ сканерлерімен жабдықталды. 2 жыл ішінде біліктілікті арттыру циклдары шеңберінде Қазақстанның түрлі өңірлерінен 220 дәрігер оқудан өтті.

– Еуропалық радиологтар мектебі (European School of Radiology) «ESOR Astana Tutorial», Астана, Қазақстан.

Алдағы кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар:

Ғылыми-зерттеу қызметін одан әрі дамыту мақсатында 2025 жылы келесілер жоспарлануда:

- БЛК сертификаттануы;
- Big Pharma компаниялары қаржыландыратын клиникалық зерттеулерді іске қосу;
- «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында шетелдік серіктестермен бірлесіп жаңа зертханаларды ашу;
- жарияланымдарға төленетін ынталандыру төлемдерін қайта қарау;
- АстМУ журналының редакциялық саясатын жетілдіруді жалғастыру – ағылшын тілі форматына көшу, шетелдік ғалымдарды редакциялық алқа мен рецензенттер құрамына тарту;
- халықаралық жобаларды іске асыру және басқа да іс-шаралар.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 27- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.4. Клиникалық қызметі

Университеттің клиникалық қызметі денсаулық сақтау ұйымдары болып есептелетін клиникалық базаларда орналасқан 42 клиникалық кафедрада жүзеге асырылады. Олармен ынтымақтастық денсаулық сақтау саласында кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру мақсатында бірлескен қызмет туралы шарттар шеңберінде іске асырылады.

2024 жылғы жетістіктер:

- клиникалық базалардың және сол жерде жұмыс істейтін ОПҚ санының, сондай-ақ клиникалық тәлімгерлердің артуы;
- ҚР ДСМ, ҒЗИ жобаларына белсенді қатысу, оның ішінде клиникалық хаттамалар, стандарттар және НҚА әзірлеу;
- сараптамалық комиссияларға, оқыту іс-шараларына, консультативтік-диагностикалық көмекті ұйымдастыру үшін шығуларға қатысу және т.б.

Бірқатар жылдар бойы клиникалық базалардың бір бөлігі (2024 жылға дейін) практикалар базасы да болып келді. Басқа ұйымдарға білім алушылар кәсіби тәжірибеден өту үшін ынтымақтастық туралы меморандумдар негізінде жіберілді. Осылайша, 2023 жылы клиникалық базалар саны мемлекеттік және жекеменшік нысандағы 86 денсаулық сақтау ұйымына жетті. 2024 жылы Университеттің клиникалық базаларының саны 92-ге дейін өсті, бұл бірлескен қызмет туралы жаңа шарттар жасасу есебінен мүмкін болды, және олар мыналарды қамтыды: 6 жетекші ғылыми орталық, 11 көпсалалы қалалық стационар мен госпиталь, 13 қалалық емхана, 53 жекеменшік медициналық орталық, басқа мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты 9 денсаулық сақтау ұйымы. Бұдан бөлек, Университетте клиникалық бағыттар бойынша 4 құзыреттер орталығы құрылды.

Есептік жылы денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істейтін клиникалық кафедра оқытушыларының санының өсімі байқалды: көрсеткіш 2023 жылғы 65%-дан 2024 жылы 75%-ға дейін артты. Олардың ішінде 8 қызметкер – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс мамандары. Ал 2024 жылы Университеттің клиникалық кафедраларының оқытушыларының қатысуымен 33 клиникалық хаттама жобасы әзірленді, бұл олардың медициналық ұйымдармен өзара әрекеттестікке тартылуының артқанын және клиникалық бейіндегі мамандар санының көбейгенін көрсетеді.

Жалпы, клиникалық қызметтің оң динамикасы байқалады, соның ішінде жүргізілген консультациялар, операциялар, консилиумдар және клиникалық базалардағы оқыту іс-шаралары санының артуы. Сонымен бірге, өлім жағдайларын зерттеу жөніндегі комиссиялар (ӨЖЗК) және патологоанатомиялық конференциялар (ПАК) санының азайғаны тіркелді, бұл медициналық ұйымдар тарапынан талаптардың өзгеруімен байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ өңірлерге консультативтік көмек көрсетуге шығулар санының азаюы байқалады, бұл жұмыс ұйымдастыруындағы өзгерістермен немесе өзара әрекеттесудің басқа түрлеріне басымдық берілуімен байланысты болуы мүмкін.

14-кесте – Университеттің 3 жылдағы клиникалық қызметінің динамикасы

Индикаторлар	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау қызметінде жұмыс істейтін клиникалық кафедралардың оқытушы-профессорлар құрамының үлесі (денсаулық сақтау ұйымдарымен клиникалық маман ретінде келісімшарты бар)	40%	65%	75%
Медициналық ұйымдарға/денсаулық сақтау субъектілеріне консультативтік-тәжірибелік көмек көрсету үшін өңірлерге бару саны және т.б.	2 363	5 435	707
Өткізілген ӨЖЗК / ПАК саны	1 109	2 132	1 327
Клиникалық базаларда (КБ) жүргізілген консультациялар саны	75 963	119 569	146 099

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 28-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

КБ-да өткізілген консультациялар саны	9 144	12 438	13 140
КБ-да өткізілген операциялар саны	9 750	12 035	15 906
КБ-да өткізілген оқытулар саны	745	1 002	1 211

2022-2024 жылдардағы деректер клиникалық кафедралардың жұмысында елеулі өзгерістер болғанын көрсетеді. Атап айтқанда, медициналық ұйымдармен өзара әрекеттестіктің артуы, консультациялық, операциялық және білім беру қызметі көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ диагностика мен емдеудің инновациялық әдістерін енгізу байқалады. Көрсеткіштердің кей қозғалмалылығына қарамастан, клиникалық кафедралар белсенді дамуын жалғастырып, медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға үлес қосып келеді деп айтуға болады.

2025 жылы клиникалық базалар тізімін ұлғайту және құрылған құзыреттілік орталықтарының жұмысын жандандыру бойынша осындай белсенді жұмыс жалғасады, сондай-ақ 800 орындық университеттік аурухананы салу және пайдалану жөніндегі МЖӘ жобасының іске асырылуына бақылау жүргізіледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі клиникалық даярлық


Университеттегі жоғары оқу орнынан кейінгі клиникалық даярлық резидентура деңгейінде жүзеге асырылады, онда 38 аккредиттелген қолданыстағы білім беру бағдарламасы іске асырылады.

2024 жылы 7R01120 «Ересектер және балалар нейрохирургиясы», 7R01150 «Патологиялық анатомия», 7R01148 «Ядролық медицина» бағыттары бойынша 3 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленіп, аккредиттелді. Сонымен қатар қысқартылған білім беру бағдарламалары және Minor бағдарламалары әзірленді.

Соңғы жылдары резидентураға қабылдау бойынша оң динамика байқалады, бұл білім беру бағдарламалары санының өсуімен және медициналық мамандарға деген сұраныстың артумен байланысты. 2024-2025 оқу жылында резидентураға 792 білім алушы қабылданды, олардың ішінде: республикалық бюджет қаражаты есебінен – 481, ЖАО қаражаты есебінен – 177, жеке қаражат есебінен – 134.

Резидентурадағы дайындық географиясы 14 өңірге дейін кеңейді. Бұдан бөлек, алғаш рет 5 орын бойынша әскери дәрігерлерді қабылдау жүзеге асырылды.

Есептік жылдың соңында білім алушылар саны 1 554 адамды құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 18,8%-ға артық.



6-сурет – Резидентураға қабылдау динамикасы

Келесі есепті жылы жаңа білім беру бағдарламасы «Клиникалық зертханалық диагностика» бойынша аккредиттеуді аяқтау, резидентураның 32 білім беру бағдарламасына постаккредитациялық мониторинг жүргізу, сондай-ақ шетелдік университеттермен бірлескен жаңа бағдарламаларды әзірлеу жоспарлануда. Шығу резидентурасының қамтылуын арттыру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту білім алушылар мен оқытушы құрамының академиялық ұтқырлығын арттыруға ықпал етеді.



Симуляциялық орталық

Астана медицина университетінің Симуляциялық орталығы – медициналық мамандарды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға арналған негізгі білім беру платформасы.

2024 жылы Симуляциялық орталық білім беру процесін жетілдіруге, симуляциялық оқытуды дамытуға және инновациялық технологияларды енгізуге бағытталған стратегиялық бастамаларды іске асыруын жалғастырды.


Маңызды жетістіктердің бірі – Орталықтың 5 жыл мерзімге халықаралық институционалдық аккредитациядан өтуі, бұл оның қызметінің медициналық білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкестігін растайды.

Сонымен қатар Орталықтың барлық қызметкерлері «Медициналық симуляциялық оқыту маманы» біліктілігін растады.

Есептік жылы Орталықтың материалдық-техникалық базасы ескірген жабдықтарды есептен шығару және кәдеге жарату арқылы оңтайландырылды. Нәтижесінде симуляциялық жабдықтардың жалпы саны 440 бірлікті құрады. Жабдықтарды жаңарту және оңтайландыру оқу контентінің кеңеюіне және симуляциялық технологияларды білім беру процесінде белсендірек қолдануға ықпал етті.

2024 жылы симуляциялық оқытумен қамтылған пәндер саны 30-ға дейін артты (43%-ға өсім), ал Орталықта 6 119 адам оқытылды. 22 білім беру бағдарламасы іске асырылды (5%-ға өсім). 81 объективті құрылымдалған клиникалық емтихан (ОҚКЕ) өткізілді (62%-ға өсім). Сонымен қатар симуляциялық жабдықты қолданумен 29 ғылыми-білім беру іс-шарасы ұйымдастырылды (45%-ға өсім) және 59 жаңа клиникалық сценарий енгізілді (28%-ға өсім).

Симуляциялық оқытудың шынайылыққа жақындығын арттыру шеңберінде стандартталған пациенттерді қолдану кеңейді: іске 24 волонтер қатысты, бұл өткен жылмен салыстырғанда 380%-ға көп. Сонымен бірге халықаралық провайдер сертификаттарын алған үш жаттықтырушы даярланып, сертификатталды.



7-сурет – Симуляциялық орталық қызметінің көрсеткіштері

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 30-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Есептік жылы Симуляциялық орталық материалдық-техникалық базаны нығайту есебінен білім беру процесінің тиімділігін айтарлықтай арттырды. Симуляциялық оқыту саласында қол жеткізілген нәтижелер, білім беру бағдарламаларының кеңеюі және мамандардың біліктілігін арттыру Орталықтың студенттер, оқытушылар және медициналық қауымдастық арасында жоғары сұранысқа ие екенін көрсетеді.

2025 жылы Симуляциялық орталықта ақылы білім беру қызметтерін дамыту, клиникалық сценарийлерді кеңейту, стандартталған пациенттер санын арттыру, заманауи жабдықтармен қосымша жарақтандыру, сондай-ақ білім алушылардың практикалық даярлығын күшейту мақсатында дағдыларды өздігінен пысықтауға, оқу іс-шараларын өткізуге және тьюторлықты дамытуға мүмкіндік беру жоспарлануда.


Қосымша және бейресми білім беру

Практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қосымша білім беру бағдарламалары жыл сайын медициналық ұйымдардың өтінімдеріне сәйкес жаңартылып және өзектендіріліп отырады.

2022-2024 жылдар аралығында Үздіксіз кәсіби білім беру институты қосымша және бейресми білім беру бағдарламалары аясында 13 534 тыңдаушыны оқытты.

Есептік жылы 201 біліктілікті арттыру бағдарламасы жаңартылды, олардың 105-і қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып іске асырылды.

Оқытылғандардың жалпы саны 5 715 адамды құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1 568 тыңдаушыға (27%) артық.



8-сурет – 2022-2024 жж. қосымша және бейресми білім беру бойынша тыңдаушылар саны

2024 жылы қосымша және бейресми білім беру қызметтерінен түскен кіріс 228 929 300 теңгені құрады, жылдық жоспар – 140 000 000 теңге, яғни орындалуы 163%, бұл бағдарламаларға жоғары сұранысты және Институт жұмысының тиімділігін көрсетеді.



9-сурет – Қосымша және бейресми білім беру шеңберінде білім беру қызметтерінен түскен табыс, теңге

Үздіксіз кәсіби білім беру институты денсаулық сақтаудың түрлі бағыттарын дамытуға арналған мемлекеттік жол карталарын іске асыруға қатысады. Осы іс-шаралар аясында 2023

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 31-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

жылы – 508, 2024 жылы – 1 330 тыңдаушы оқытылды (Қазақстан Республикасының психикалық денсаулық сақтау қызметін дамыту жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жол картасы; Қазақстан Республикасында 2022-2025 жылдарға арналған жүкті жол картасы және т.б.).

Халықаралық ынтымақтастық аясында бірлескен жобалар ұйымдастырылды. 2024 жылы Ресей Федерациясының Үздіксіз кәсіби білім беру медициналық академиясымен «Клиникалық сомнология» тақырыбы бойынша бірлескен білім беру бағдарламасы бекітілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына сәйкес Күміс университеттің қызметі туралы ереже әзірленіп, бекітілді. Бұл бағдарлама егде жастағы адамдарды медициналық сауаттылықты арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдылары бойынша оқытуға бағытталған.

Қосымша білім беру шеңберінде білім беру қызметтерінің сапасын жыл сайынғы мониторинг нәтижелері тыңдаушылардың қанағаттану деңгейінің тұрақты жоғары екенін көрсетеді. «Оқу процесінің сапасына қанағаттану» көрсеткіші мәндерден жоғары болды: 2023 жылы жоспарланған 80%-ға қарсы 95%, 2024 жылы жоспарланған 95%-ға қарсы 96%. Бұл бағдарламалардың мазмұнының жоғары сапасын, материалды ұсынудың қолжетімділігі мен көрнекілігін, сондай-ақ білім беру процесін тиімді ұйымдастыруды дәлелдейді.

Алдағы кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар:

2025 жылы төмендегі бағыттар бойынша белсенді жұмыс жүргізу жоспарда:

- клиникалық базалар тізімін ұлғайту;
- құрылған құзыреттер орталықтарының жұмысын жандандыру;
- 800 төсек-орындық университеттік аурухананы салу және пайдалану бойынша МЖӘ жобасын іске асыру;
- Үздіксіз кәсіби білім беру институтының бизнес-процестерін цифрландыру арқылы тиімділікті арттыру;
- өзара тиімді әріптестікті дамыту арқылы инвестициялық тартымдылықты күшейту;
- біліктілікті арттыру циклдары мен сертификаттау курстарын өткізу мақсатында өңірлерді қамтуды кеңейту;
- шетелдік серіктестермен ынтымақтастық аясында білім алушылар мен жас мамандарға тағылымдамаларды ұйымдастыру;
- жетекші симуляциялық орталықтармен халықаралық әріптестікті дамыту және т.б.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 32- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	


2.5. Түлектерді жұмысқа орналастыру

Түлектерді жұмысқа орналастыру – Университеттің Даму стратегиясын іске асырудың маңызды көрсеткіштерінің бірі. Бұл бағытта Кәсіптік бағдар, мансап және жұмысқа орналастыру орталығы жүйелі жұмыс жүргізеді, оған медициналық кадрларға еңбек нарығының қажеттіліктерін зерделеу, Университет сайтында өзекті вакансияларды орналастыру, жұмыс берушілермен онлайн және офлайн кездесулер ұйымдастыру, түлектерді жеке бөлу, олардың жұмыс орнына келуін мониторингтеу, сондай-ақ бүкіл процесті автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы сүйемелдеу кіреді. Орталық мемлекеттік органдармен, медициналық ұйымдармен және басқа да мүдделі құрылымдармен (ҚР ДСМ, ҚР ҒЖБМ, «Қаржы орталығы» АҚ, «С. Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК және т.б.) белсенді өзара әрекеттеседі.

Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша Университет қызметі туралы қоғамды тұрақты ақпараттандыру жүргізіледі. Университеттің ресми сайтындағы «Жұмысқа орналастыру» бөлімінде өзекті деректер орналастырылған: «Түлекке» қойындысында аймақтар бойынша жас мамандарға қажеттілік, байланыс деректері және нұсқаулықтар; «Жұмыс берушіге» қойындысында ағымдағы жыл түлектерінің мамандықтар бөлінісіндегі контингенті және олардың негізгі құзыреттеріне қойылатын талаптар берілген.


Университет жыл сайын мыңнан астам түлек шығарады. Соңғы 3 жылда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған түлектердің жұмысқа орналастырылуы орта есеппен 99% құрады (2021-2022 оқу жылында – 98,7%, 2022-2023 оқу жылында – 99%, 2023-2024 оқу жылында – 99,3%). Соның ішінде: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуын жалғастырғандар – 34,9% (2021-2022 о.ж. – 33,5%, 2022-2023 о.ж. – 35,5%, 2023-2024 о.ж. – 35,4%); жұмысқа орналаспағандар – 0,8% (2021-2022 о.ж. – 1,3%, 2022-2023 о.ж. – 0,8%, 2023-2024 о.ж. – 0,7%).

Жалпы түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша тұрақты оң динамика байқалады.



10-сурет – Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасы

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған интернатура түлектерінің соңғы 3 жылдағы жұмысқа орналасуы орта есеппен 98,9%, оның ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге түскендер 46,9% құрады.



11-сурет – Интернатура түлектерінің жұмысқа орналасу динамикасы

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған түлектердің соңғы 3 жылдағы мамандықтар бөлінісіндегі жұмысқа орналасуы:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 33- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

- «Жалпы медицина» мамандығы бойынша – 98,9%;
- «Стоматология» мамандығы бойынша – 99,1%;
- «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша – 97,1%;
- «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша – 100%;
- «Фармация» мамандығы бойынша – 99,1%;
- «Педиатрия» мамандығы бойынша – 100%.

15-кесте – Мамандықтар бойынша жұмысқа орналастыру

Мамандық		2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.	Орташа жалақы
Жалпы медицина	Барлығы бітірушілер, саны	581	572	894	182 мың теңге
	Жұмыс орнына бармағандар	7	8	7	
	Жұмыспен қамтылғандар, оның ішінде:	574	564	887	
	- жолдамамен барғандар	151	142	280	
	- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	266	306	419	
	- босатылғандар	157	116	188	
Стоматология	Барлығы бітірушілер, саны	32	23	21	193 мың теңге
	Жұмыс орнына бармағандар	1	-	-	
	Жұмыспен қамтылғандар, оның ішінде:	31	23	21	
	- жолдамамен барғандар	14	18	12	
	- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	6	1	1	
	- босатылғандар	11	4	8	
Қоғамдық денсаулық сақтау	Барлығы бітірушілер, адам	32	28	25	148 мың теңге
	Жұмыс орнына бармағандар	1	-	1	
	Жұмыспен қамтылғандар, оның ішінде:	31	28	24	
	- жолдамамен барғандар	24	17	12	
	- жоғары оқу орнынан кейінгі білім	6	7	11	

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		63 беттің 34- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп		

Мейіргер ісі	берубағдарламаларына түскендер				158 мың теңге
	- босатылғандар	1	4	1	
	Барлығы бітірушілер, адам	4	8	1	
	Жұмыс орнына бармағандар	-	-	-	
	Жұмыспен қамтылғандар, оның ішінде:	4	8	1	
	- жолдамамен барғандар	2	6	1	
	- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	-	1	-	
Фармация	- босатылғандар	2	1	-	248 мың теңге
	Барлығы бітірушілер, адам	31	27	17	
	Жұмыс орнына бармағандар	1	-	-	
	Жұмыспен қамтылғандар, оның ішінде:	31	27	17	
	- жолдамамен барғандар	21	20	9	
	- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	7	5	6	
	- босатылғандар	3	2	2	
Педиатрия	Барлығы бітірушілер, адам	-	13	16	200 мың теңге
	Жұмыс орнына бармағандар	-	-	-	
	Жұмыспен қамтылғандар, оның ішінде:	-	13	16	
	- жолдамамен барғандар	-	3	4	
	- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	-	5	4	
	- босатылғандар		5	8	

Университетке республика бойынша 3 аймақ (Астана қ., Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары) бекітілгеніне қарамастан, түлектер Қазақстанның барлық өңірлеріне жұмысқа орналасады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		63 беттің 35- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп		

16-кесте – Өңірлер бойынша түлектердің жұмысқа орналасу динамикасы

Жұмыспен қамту аймағы	2021-2022 о.ж.		2022-2023 о.ж.		2023-2024 о.ж.	
	адам	%	адам	%	адам	%
Ақмола облысы	33	5,5	35	8,7	28	8,8
Астана қ.	432	71,5	259	64,7	185	58,2
Солтүстік Қазақстан облысы	21	3,5	8	2	3	0,9
Басқа аумақтар	118	19,5	98	24,5	102	32,1

Соңғы 3 жылда түлектердің географиясы: Астана қаласына – 64,8%, Ақмола облысына – 7,7%, Солтүстік Қазақстан облысына – 2,1%, басқа өңірлерге – 25,4%.

17-кесте – Өңірлер бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы

Мамандық		Барлығы бітірушілер, адам	Астана	Ақмола облысы	СҚО	Қостанай облысы	Басқа өңірлер	Жұмыс орнына бармағандар
Жалпы медицина	2021-2022	581	98	11	3	2	37	7
	2022-2023	572	71	21	2	3	45	8
	2023-2024	894	165	24	3	6	82	7
Стоматология	2021-2022	32	10	2	-	-	2	1
	2022-2023	23	11	2	1	-	3	-
	2023-2024	21	9	-	-	1	2	-
ҚДС	2021-2022	32	11	1	-	1	11	1
	2022-2023	28	5	2	-	-	10	-
	2023-2024	25	4	1	-	-	7	1
Мейіргерісі	2021-2022	4	1	-	-	1	-	-
	2022-2023	8	4	-	-	-	2	-
	2023-2024	1	-	1	-	-	-	-
Фармация	2021-2022	31	6	1	-	2	12	-
	2022-2023	27	7	1	-	1	11	-
	2023-2024	17	6	1	-	-	2	-
Педиатрия	2022-2023	13	1	-	-	-	1	-
	2023-2024	16	1	1	-	-	2	-

Жалпы, Кәсіптік бағдар, мансап және жұмысқа орналастыру орталығы түлектерді бөлу және олардың жұмысқа орналасуын мониторингтеу бойынша тиімді жұмыс жүргізеді. Университет түлектеріне жоғары сұраныс және оларды жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бойынша қабылданған шаралар сыртқы тәуелсіз бағалау нәтижелерімен расталады – Университет QS Stars халықаралық рейтингінде жұмысқа орналасу критерийі бойынша 5 жұлдызға ие болды.

Астана медицина университеті практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктерін ескере отырып, аймақтардың кадрлық сұраныстарына сәйкес бөлуді қоса алғанда, талапкерлерді қабылдауды жоспарлаудың жүйелі тәсілін одан әрі дамытуда.

2.6. Халықаралық ынтымақтастық

2024 жылы Астана медицина университеті білім беру және ғылыми байланыстарды кеңейтуге, академиялық мобильділікті ілгерілетуге және бірлескен жобаларды іске асыруға бағытталған халықаралық әріптестіктерді белсенді түрде дамытуын жалғастырды.

Жыл бойы Университет шетелдік жоғары оқу орындары және дипломатиялық өкілдіктермен серіктестік қатынастарды дамыту, ғылыми ынтымақтастық, академиялық алмасу және бірлескен білім беру жобаларын іске асыру мақсатында бірқатар халықаралық кездесулер мен сапарлар ұйымдастырды. Маңызды халықаралық іс-шаралар өткізілді, соның ішінде АстМУ делегациясының Түркияға сапары аясында Istanbul Medipol University университетімен стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды, ректордың клиникалық және академиялық медицина саласындағы ынтымақтастықты талқылау үшін Erasmus MC (Нидерланды) ұйымына сапары, сондай-ақ Хиросаки университеті (Жапония), Сеченов университеті (Ресей) және Шыңжаң медициналық университеті (Қытай) делегацияларын қабылдау. Сонымен қатар, Үндістан, Нидерланды, Иран және РФ елшіліктерінің өкілдерімен кездесулер өткізілді.

Есептік кезеңде халықаралық ынтымақтастық туралы 24 меморандум мен келісім жасалды, оның ішінде:

– ТМД елдерінің университеттері мен ұйымдарымен 6 меморандум (Балалар онкологиясы және гематологиясы ғылыми-практикалық орталығы (Беларусь), «Авиценна» халықаралық медицина университеті (Қырғызстан), Ресей ғылым академиясының Том мемлекеттік ғылыми-зерттеу медициналық орталығы (Ресей) және т.б.);


– алыс шетелдің жоғары оқу орындары және ғылыми мекемелерімен 18 меморандум (Стамбұл Медиполь университеті (Түркия), Хиросаки университеті (Жапония), Шмидер клиникасы (Германия) және т.б.).

Бұл келісімдер келесі бағыттарды қамтиды:

- бірлескен білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулер;
- оқытушылар мен студенттердің академиялық алмасуы;
- дәрістер, мастер-класстар және тағылымдамалар өткізу;
- халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға қатысу.


Академиялық мобильдік бағдарламалары аясында Университет шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында білім алу үшін 109 білім алушыны сәтті жіберді. Мобильдік қатысушылары екіжақты келісімдер, ынтымақтастық меморандумдары, Erasmus+ гранттары және басқа халықаралық бастамалар шеңберінде түрлі бағдарламалар бойынша оқудан өтті.

Шетелге академиялық мобильділік бағдарламасы бойынша жіберілген білім алушылардың деңгейлер бойынша саны: бакалавриат – 45, интернатура – 28, резидентура – 36.



12-сурет – Елдер бойынша білім алушылардың шығыс академиялық ұтқырлығы

2024 жылы ОПҚ-ның академиялық мобильдігі аясында 78 қызметкер шетелге дәрістер оқуға, семинарлар, мастер-кластар өткізуге және бірлескен білім беру және ғылыми іс-шараларға қатысуға жіберілді.



13-сурет – Оқытушы-профессорлар құрамының шығыс мобильділігі

Кіріс мобильділігі де белсенді дамыды: Университетте жақын және алыс шет елдердің жетекші медициналық университеттерінен 44 шетелдік маманның қатысуымен дәрістер мен семинарлар сериясы ұйымдастырылды (И.К. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медициналық академиясы (Қырғызстан), Ташкент медициналық академиясы (Өзбекстан), Алтай мемлекеттік медицина университеті (Ресей), Башкент университеті (Түркия) және т.б.). Шақырылған оқытушылар студенттерге, магистранттарға, резиденттерге және ОПҚ-ға арналған академиялық курстар, ғылыми семинарлар, мастер-кластар және консультациялар өткізді.

Сонымен қатар, «Шетелдік шақырылған маман» бағдарламасы аясында шетелдік жетекші жоғары оқу орындары мен медициналық ұйымдардың 36 маманының қатысуымен дәрістер мен мастер-кластар ұйымдастырылды (Н.И. Пирогов атындағы РҰЗМУ (Ресей), Даттельн балалар ауруханасы (Германия), Самарқанд мемлекеттік медицина университеті (Өзбекстан), Лондон гигиена және тропикалық медицина мектебі (Ұлыбритания) және т.б.). Іс-шараларға 637 ОПҚ қатысып, мастер-класстар мен пікірталас сессияларына белсенді қатысты.

Университет жүзеге асырып жатқан халықаралық жобалар қатарында Erasmus+ (CBHE) BACE жобасы болды, ол Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңірінде жаһандық денсаулық саласындағы академиялық әлеуетті дамытуға бағытталған. Сондай-ақ Erasmus+ және Mevlana академиялық мобильдік жобалары іске асырылуда.

Халықаралық ынтымақтастықтың болашағы Университет қызметінің басым бағыты болып саналады. Академиялық алмасу, ғылыми зерттеулер және клиникалық әріптестік Университеттің әлемдік білім беру және ғылыми-медициналық кеңістіктегі позициясын нығайтуға, сондай-ақ мамандар даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 38- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.7. Университеттің кадрлық әлеуетін және басқару жүйесін дамыту

2024 жылы кадрлық әлеуетті дамыту және басқару жүйесін жетілдіру аясында Университет нормативтік базаны жаңартуға, конкурс рәсімдерінің ашықтығын арттыруға, персоналды ынталандыруға және еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырды.

Кадрлық әкімшілендіру үдерістерінің тиімділігі мен объективтілігін арттыру мақсатында Университетте ішкі нормативтік регламенттер – «Кадрлық резерв туралы ереже» және «Оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына тағайындауға арналған конкурстық іріктеу туралы ереже» әзірленіп, бекітілді, сондай-ақ «Оқу үдерісін ұйымдастырумен байланысты қызметкерлер мен оқытушы-профессорлар құрамын аттестаттау туралы ереже» өзектендірілді.

Қызметкерлерді көтермелеу және ынталандыру мақсатында Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен медицина қызметкері күніне арналған «Үздік маман» конкурсына қатысушылардың материалдарын жинау және өңдеу жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Университеттің 60 жылдық мерейтойына орай «Медицина үздігі – 2024» конкурсын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Конкурстардың қорытындылары бойынша Университеттің үздік қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелері марапатталды.

Университет қызметкерлерінің еңбек жағдайларына қанағаттану деңгейін бағалау мақсатында сауалнама жүргізілді, оған 860 респондент қатысты. Сауалнама ішкі коммуникацияларға, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, біліктілікті арттыру және мансаптық өсу мүмкіндіктеріне, гендерлік теңдік қағидаттарының сақталуына және басқа да аспектілерге қатысты сұрақтарды қамтыды. Талдау нәтижелері бойынша еңбек жағдайларына жалпы қанағаттану деңгейі 75,5% құрады.

2024 жылы персоналды ынталандыру жүйесін жетілдіру мақсатында жаңа Еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қамтамасыз ету туралы ереже (2024.02.10 «Астана медицина университеті» КеАҚ Басқармасының шешімі) бекітілді. Ережеде лауазымдық жалақыны қалыптастыру тәсілдері нақтыланып, еңбекақының тұрақты және өзгермелі бөліктерге бөлінуі енгізілді, сондай-ақ ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар қызметкерлерге көтерілген үстемақылар қарастырылды.

2024 жылы IELTS емтиханын тапсыруға дайындық шеңберінде Университеттің 30 қызметкері оқытудан өтті. Оқу нәтижесінде 16 қатысушы Intermediate деңгейіндегі, ал 14 қатысушы Upper-Intermediate деңгейіндегі сертификат алды.

Кадрлық әкімшілендіруді цифрландыру және тиімділігін арттыру мақсатында Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелеріне кіріс және шығыс корреспонденциясы тіркелетін электрондық Salem Office базасына қолжетімділік қамтамасыз етілді. Бұл бөлімшелер арасындағы кері байланыстың сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Осы жүйе аясында еңбек шарттары мен бұйрықтарды электронды рәсімдеу және қол қою жақсарды, бұл еңбек рәсімдерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, қосымша аналитикалық есептерді қалыптастыруға және персоналдың сандық және сапалық құрамын бақылауға мүмкіндік беретін «Еңбекақы және персоналды басқару» автоматтандырылған кадрлық есеп жүйесі енгізіліп, дамытылуда. Жүйені пайдалану басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға және қызметкерлердің хабардар болу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Smart AMU жүйесі базасында қызметкерлерді марапаттау рәсімдерін және оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстарды автоматтандыру бойынша техникалық тапсырмалар және іс-шаралар жоспары бекітілді.

2024 жылғы 12 қазанда «Тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ базасында ОПҚ-ның мамандық және педагогикалық дағдылар бойынша тәуелсіз бағалауы өткізілді. Барлығы 716 ОПҚ қатысып, олардың 461-і (64,4%) бағалаудан өтті.

2024 жылы Университеттің 1013 қызметкері біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Оқыту еңбек және құқықтық реттеу, қаржылық және құқықтық сауаттылық, персоналды және

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 39-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

білім беру бағдарламаларын басқару, бизнес-үдерістер және құжат айналымын оңтайландыру, инклюзивті білім беру, кәсіби қызметтегі қазақ тілі, бюджет жоспарлау және мемлекеттік сатып алулар сияқты кәсіби және басқарушылық құзыреттерді дамытуға бағытталған тақырыптар бойынша жүргізілді.

18-кесте – Кадрлардың тұрақсыздығы мен біліктілігін арттыру көрсеткіштері

Көрсеткіш	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Кадрлардың тұрақсыздығы деңгейі: Университет қызметкерлерінің барлық санаттары	15,7%	10,3%	10,3%
Біліктілікті арттыру курстарынан, семинарлардан және тренингтерден өткен қызметкерлердің бөлшегі	42%	57,6%	58%

Оқу және ғылыми-зерттеу процестерінің жоғары сапасын қамтамасыз етуде академиялық білікті кадрлар басты рөл атқарады. Төменде 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша ғылыми дәрежесі бар Университет қызметкерлерінің саны туралы ақпарат берілген:

19-кесте – Ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер саны

Кадрлар	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
ғылым докторы	98	98	92
ғылым кандидаты	223	222	219
PhD	64	65	85
барлығы	385 (41%)	385 (42%)	396 (43,5%)

Жалпы алғанда, көрсеткіштер Университеттің білікті мамандарды сақтап қалуға және олардың кәсіби деңгейін үздіксіз арттыруға бағытталған теңгерімді кадр саясатын көрсетеді.

Алдағы кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар:

Университеттің адами ресурстарды дамыту бағдарламасының шеңберінде мыналар жоспарланған:

- жұмысқа қабылдау, адаптация, ынталандыру, қызықтыру, резервті құрудың жаңа тәсілдері;
- оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған онлайн платформаны іске қосу;
- ОПК лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын қайта қарау (ғылымиметриялық көрсеткіштер мен тәжірибе тұрғысынан);
- комплаенс қызметін жетілдіру және нығайту;
- ОПК кең қатысуымен Сенат құру;
- басқарудың барлық деңгейлерінде академиялық адалдық пен тәуекелдерді басқару принциптерін нығайту және т.б.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 40-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.8. Инфрақұрылым және материалдық-техникалық база

2024 жылы нысандардың үздіксіз жұмыс істеуін, білім беру үдерісінің жағдайларын жақсартуды, сондай-ақ инфрақұрылымды жаңғыртуды қамтамасыз ету мақсатында 37 қызмет көрсетілді, олардың 34 қызметі (91,9%) аутсорсингке берілді, 3 қызмет (8,1%) АстМУ персоналының өз күшімен орындалды (оның ішінде электрші, сантехник жұмыстары және ұсақ құрылыс-монтаж жұмыстары).

Есептік жылы келесі мекенжайларда орналасқан нысандарда 19 жоба іске асырылды: Абай даңғылы 47, Бейбітшілік көшесі 49, 49А, 51, 53, Сарыарқа даңғылы 33, Жеңіс даңғылы 35, 35А. Бұл жобалар капиталды және ағымдағы жөндеулерді, аумақтарды абаттандыруды, дизайн элементтері мен энергия үнемдеу шараларын енгізуді қамтиды.

Жаңғырту және жөндеу шеңберінде жалпы саны 321 аудиторияның 178-і немесе 55,5%-ы жөнделіп, жаңартылды. Сондай-ақ жоғарыда атап өтілген кітапхананы жаңғырту бойынша ірі жоба іске асырылды.

Университет инклюзивті білім беру ортасын қамтамасыз етуге де көңіл бөлуде. Есептік жылдың соңында қолжетімді орта жағдайларының тізіміндегі позициялар саны 31 бірлікті құрады (2023 жылдың соңында – 27 бірлік): лифттер, пандустар, тұтқалар және т.б.

Барлық корпустардың техникалық және санитариялық жағдайына бақылау жүргізілді. Ағымдағы қызмет көрсету, санитариялық өңдеу, маусымдық тазалау, ұсақ жөндеу жұмыстары және үй-жайларды қажетті инвентарьмен қамтамасыз ету жүзеге асырылды.

Университет толық көлемде қажетті жиһазбен және жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жаңарту кафедраларды, аудиторияларды, күту аймақтарын, акт залдарын, ғылыми институттарды, тұрғын блоктарды және әкімшілік кеңселерді қамтыды (үстелдер, креслолар, шкафтар, маркерлік тақталар, тұрмыстық техника және т.б. орнатылды). 2024 жылы 656 бірлік инвентарь мен тауар жаңартылып, сатып алынды, бұл қажеттіліктің 91,4%-ын құрады (718 бірлік).

2024 жылы Бейбітшілік көшесі 49А мекенжайындағы корпус холлын жабдықтау және күрделі жөндеу жобасы іске асырылды:

- студенттерге арналған жұмсақ аймақтар мен демалыс аймақтары ұйымдастырылды;
- «АстМУ» КеАҚ бренд-дүкені ашылды;
- студенттер мен қызметкерлерге арналған кафетерий жабдықталды.

Бұдан бөлек, материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы 40-тан астам ірі іс-шараларды (халықаралық конференциялар, форумдар, турнирлер және семинарлар) ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге қатысты: таратылатын материалдардың логистикасы мен жеткізілуі, залдар мен алаңдарды безендіру, тамақтандыру және кофе-брейктерді ұйымдастыру, клининг және шаруашылық қызметтері. 2024 жылдың басты оқиғасы – Университеттің 60 жылдығына ерекше назар аударылды. Ресми тіркеу бойынша іс-шараға 7 632 қатысушы келді.

Алдағы кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар:

- меморандумдар шеңберінде жаңа жатақханаларды қайта қарау және тарту (СЭЖ және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестікті міндетті шарт ретінде алу);
- жаңа жатақханалар салу мәселесін пысықтау;
- Университеттің Кешенді зертханасын салу бойынша инвестициялық жобаны іске қосу мәселесін пысықтау.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 41- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.9. Персонал жұмысы жүйесін автоматтандыру

2024 жылы Университет ішкі үдерістердің тиімділігін арттыруға, білім алушылар және қызметкерлермен өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған Smart AMU цифрлық экожүйесін дамытуын жалғастырды. Жүйе автоматтандыру, бақылау және жедел басқаруға арналған модульдерді қамтиды.

Негізгі жетістіктердің қатарында – көрсеткіштерді бақылауды және тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететін «Ситуациялық орталық» модулі, қабылдау комиссиясын автоматтандыру (1000-нан астам өтінімнің өңделуі), жатақхана мен үй-жайларды брондау модульдері, қатысуды есепке алу үшін «Qatysu» жүйесі, тексеруді бақылау үшін RFID AMU, сондай-ақ тәулік бойы 24/7 өтініштер қабылдайтын iKömek орталығы. Іс-шараларды басқару және ақпаратты жаңарту үшін QR-кодтар мен Telegram Mini Apps негізіндегі құралдар енгізілді, бұл процестерді ыңғайлырақ, ашық және қауіпсіз етті.

Smart AMU құрамындағы Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығы үшін автоматтандыру оқу-әдістемелік кешендерді (ДООК) және ОПҚ жеке жоспарларын басқару модульдерін қамтиды, олар академиялық процестерді оңтайландырып, оқу қызметінің сапасын арттыруға ықпал етеді (ОӨК дайындау, сақтау және жаңарту, ОПҚ жүктемесін бақылау).

Осылайша, Smart AMU жүйесі Университеттің білім беру және әкімшілік үдерістерінің барлық аспектілерінде ыңғайлылық, ашықтық және тиімділік қамтамасыз ете отырып, дамуын және жаңғыртылуын жалғастыруда. Әрбір модуль цифрландыру талаптарына сәйкес келетін, ЖОО қажеттіліктеріне бейімделетін қолайлылықты, қауіпсіздікті және ашықтықты арттыруға бағытталған.

2024 жылы Университеттің тұрақты цифрлық инфрақұрылымын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алу порталында IT тауарлар мен қызметтер бойынша 40 шарт жасалды. Cisco Webex, Office 365 A3 және A5, резервтік көшіру үшін Veeam Backup сияқты негізгі бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялар сатып алынып, ұзартылды, сондай-ақ «Платонус» ААЖ техникалық қолдау және жаңғырту жұмыстары қамтамасыз етілді.

Қосымша, есептен шығарылатын оргтехниканы техникалық сараптау жүргізілді, қызмет көрсету сапасын арттыру үшін электронды кезек жүйесі енгізілді, жабдықтарды техникалық қызмет көрсету, кампустарды интернетке қосу және қашықтағы бөлімшелер үшін VPN-қолжетімділік ұйымдастырылды. Бұл шаралар білім беру процесін цифрландыруға және оның орнықтылығын арттыруға ықпал етеді.

Университеттің IT-инфрақұрылымын дамыту мақсатында компьютерлер, ноутбуктер, принтерлер, сканерлер, интерактивті панельдер, IP-телефондар, коммуникациялық шкафтар және басқа да құрамдастар сатып алынды. Барлық құрылғыларға ESET БҚ қайта орнатылды. Корпустар арасында ұзындығы 8 000 метр болатын талшықты-оптикалық байланыс желісі жүргізілді. Сарыарқа даңғылы 33 мекенжайында 2-8 қабаттарда құрылымдық кабель жүйесіне толық монтаж жүргізіліп, оқу аудиторияларына интерактивті панельдер орнатылды.

Есептік жылы құрылымдық бөлімшелерден 2 343-тен астам өтінім орындалды, оның ішінде: 2 028 – техникалық қызмет көрсету, ОЖ қайта орнату, желіге қосу және т.б.; 234 – онлайн-іс-шараларды сүйемелдеу және әкімшілендіру; 44 – акт залы мен мәжіліс залдарында іс-шараларды техникалық қамтамасыз ету; 37 – клиникалық базалар мен қашықтағы корпустарға шығу. 320 желілік нүкте орнатылды, amu.kz доменіне 450 компьютер қосылды, Active Directory жүйесінде 115 жаңа пайдаланушы тіркелді, бұл орталықтандырылған әкімшілендіру мен жұмыс орталарын стандарттауды қамтамасыз етті.

Қабылдау комиссиясы үшін жұмыс орындары ұйымдастырылды (жергілікті желі жүргізілді, интернет, компьютерлер, көп функциялы құрылғы және принтерлер орнатылды): техникалық хатшылар үшін 40 компьютер және өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында 30 компьютер. Абитуриенттердің құжат тапсыру кезіндегі кезектерін азайту үшін өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында қабылдау комиссиясы хатшылары үшін қосымша 10 жұмыс орны ұйымдастырылды, сондай-ақ электронды кезек іске қосылды. Қабылдау комиссиясының

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 42- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

жұмысы кезеңінде қысқартылған оқу түріне түсетін 316 абитуриент үшін есептік жазбалар (логин және пароль) құрылды және емтихандар кезінде техникалық қолдау көрсетілді (pkmed.amu.kz).

2024 жылы барлық құрылымдық бөлімшелер бойынша «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің техникалық басқару және сүйемелдеу жұмыстары жүзеге асырылды. Жаңа қызметкерлер мен оқытушыларға қолжетімділік белсендіру, қолжетімділік құқықтарын беру, пайдаланушыларға кеңес беру, құрылымдық бөлімшелердің өтінімдері бойынша ақпараттық хабарламаларды жіберу, сондай-ақ білім алушыларды, ОПК және ғылыми қызметкерлерді жеке электрондық аккаунттармен қамтамасыз ету жүргізілді. Жаңа модульдерді енгізу бойынша өтінімдер дайындалып, «Platonus» ААЖ даму жол картасы әзірленді.

Сонымен қатар, қашықтан оқыту порталдары (dl.amu.kz, dph.amu.kz, pkmed.amu.kz, moos.amu.kz, mook.amu.kz, oldmoodle.amu.kz, lms.amu.kz) бойынша әкімшілендіру және техникалық қолдау қамтамасыз етілді, пайдаланушыларды тіркеу және жүйелермен жұмысқа көмек көрсетілді.

2024 жылға арналған Институттың жылдық жоспары шеңберінде дәрігерлер үшін оқу циклдарын құру және оқытушыларды курстарға тіркеу (pkmed.amu.kz, lms.amu.kz) жүргізілді. Тыңдаушылар мен ОПК үшін қашықтықтан білім беру циклдарына техникалық қолдау, қашықтықтан оқыту жүйесін басқару, қажет болған жағдайда оқу контентін толтыру қамтамасыз етілді (moos.amu.kz платформасына 11 жаппай ашық онлайн курстар, lms.amu.kz – 18 біліктілікті арттыру курсы, pkmed.amu.kz – 34 біліктілікті арттыру курсы орналастырылды). moos.amu.kz және lms.amu.kz жүйесінде жұмыс істеу бойынша оқытушыларға арналған жұмыс нұсқаулығы әзірленді.

Корпоративтік сайт amu.edu.kz бойынша 900-ден астам өтінім орындалды, 60 құрылымдық бөлімше және шамамен 1000 қызметкер туралы ақпарат жаңартылды, сайттың 30-дан астам бөлімі өзектендірілді.

Университет қызметкерлері арасында ақпараттық жүйелердің жұмысымен қанағаттанушылық деңгейін бағалау мақсатында сауалнама жүргізілді. Осының негізінде қанағаттану көрсеткіші 98% құрады.

Алдағы кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар:

Университет цифрландыруды дамыту шеңберінде келесілерді жоспарлайды:

- Университет қызметкерлеріне цифрлық технологиялар және жасанды интеллект бойынша жүйелі оқыту;
- бизнес-процестерді автоматтандыру және көрсетілетін қызметтер мен Университет қызметін цифрландыру;
- Университеттің Цифрлық стратегиясын әзірлеу.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 43- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.10. Әлеуметтік-тәрбиелік жұмыс

2024 жылы өткен жылмен салыстырғанда ұйымдастырылған іс-шаралар саны артты, іс-шаралар жоспары 100% орындалды.

Студенттік өзін-өзі басқарудың Университеттің алқалық органдарына қатысуын өзіктендіру және кеңейту бойынша жұмыс жүргізілді. Қазіргі уақытта білім алушылар 12 алқалық органның құрамында 63 мүшемен ұсынылған.

Университетте студенттердің ғылыми, қоғамдық және шығармашылық қызметте өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасалған. Студенттік ұйымдардың жұмысы үйлестіріледі. 2024 жылы Студенттік ректор сайлауы өтті, оған білім алушылардың 30%-ы қатысты. Сондай-ақ жатақхана студенттік кеңесінің төрағасын және қабат старосталарын сайлау өткізілді. Кеңес студенттердің тұрмыс жағдайына қатысты әкімшілікпен коммуникацияны арттырды.

Студенттік өзін-өзі басқарумен бірлесіп, маңызды іс-шаралар ұйымдастырылды: Студенттік ұйымдар жәрмеңкесі, Ана тілі күні, 8 наурыз, Наурыз, КВН, «MUA Talent Show» байқауы, интеллектуалдық квиздер, медициналық мастер-класстар, экологиялық акциялар және т.б.

Университетте жалпы 18 студенттік ұйым жұмыс істейді, оларға 3 000-нан астам студент (білім алушылардың 34%-ы) қатысады. Олардың қатарында: студенттік өзін-өзі басқару, студенттік ғылыми үйірмелер, KazMSA-MUA, Enactus-MUA және т.б. 2024 жылы «Surgery Trends», «Consilium Therapy», шетелдік студенттер қауымдастығы және «ALMA-MATER» еріктілер қозғалысын қоса алғанда 6 жаңа ұйым құрылды. Шығармашылық клубтарды, оның ішінде шетелдік студенттерге арналған (Үндістан, Иордания, Пәкістан және т.б.) клубтарды құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Enactus-MUA командасының жетістігі атап өтілді: Аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларды қолдауға арналған MAVI жобасы Enactus Kazakhstan National EXPO 2024 байқауында 3 орын алып, Spirit of Enactus форумында арнайы марапатқа ие болды.

2024 жылы Enactus Kazakhstan, BINOM Education, ADD Sport Astana, Жастар Рухы және т.б. бірқатар ұйымдармен студенттік кәсіпкерлікті және инновациялық белсенділікті дамытуға бағытталған меморандумдар жасалды.

Әлеуметтік көмек көрсету

Университет жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінен шыққан білім алушыларға жүйелі материалдық және әлеуметтік қолдау көрсетеді.

2023-2024 оқу жылында 77 студентке көмек көрсетілді. Әлеуметтік-тәрбиелік жұмыс орталығы аясында келесі көмек түрлері ұсынылды:

- Тамақтануға арналған ақшалай қаражат – ай сайын берілді. Жалпы төлем сомасы 49 053 981 теңгені құрады. Есептеу жұмыс күндері – 1 778 тг/күн, мереке күндері – 1 956 тг/күн мөлшерлемесі бойынша жүргізілді.

- Киім-кешекпен қамтамасыз ету (киім, аяқ киім, төсек-жабдықтары) – 2024 жылы бұл мақсатқа 23 682 351 теңге бөлінді (№ 989-н/қ бұйрық, 2024.29.10).

- Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп студенттерді ай сайынғы жол жүру билеттерімен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізіледі, сондай-ақ Студенттер үйінде тегін орындар ұсынылады.

- Рамазан айында Ректор мен демеушілердің қолдауымен 44 студентке жалпы сомасы 6 600 000 теңге болатын бір реттік ақшалай көмек көрсетілді. Сонымен қатар 1 000-нан астам студентке ауызашар ұйымдастырылды.

- Қосымша, әлеуметтік осал топтардан шыққан 10 студентке конкурстық негізде жалпы сомасы 5 000 000 теңге болатын әлеуметтік стипендиялар бөлінді.

Әлеуметтік қолдау шараларының тиімділігін бағалау үшін әлеуметтік осал санаттағы студенттер арасында сауалнама жүргізілді. Нәтижелер 100% қамтуды және көрсетілетін әлеуметтік көмекке жоғары қанағаттануды көрсетті.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 44-беті
	<i>2024 жыл бойынша жылдық есеп</i>	

Психологиялық қолдау

Университетте студенттердің психоэмоционалдық жағдайын анықтау мақсатында келесі онлайн әдістемелер қолданылды: депрессия деңгейін анықтауға арналған «Бек шкаласы» және «PHQ», психофизиологиялық жағдайды, стресске төзімділікті және белсенділікті бағалауға арналған М. Люшердің проективті әдістемесі, сондай-ақ үрейдің деңгейі мен сипатын анықтау үшін Спилберг-Ханин әдістемесі.

Онлайн форматта Бек шкаласы бойынша 1 817 студент және 141 оқытушы тестілеуден өтті. Оффлайн форматта М. Люшер әдістемесі бойынша 753 студент, Спилберг-Ханин әдістемесі бойынша 146 студент тест тапсырды. 345 білім алушыға кері байланыс берілді.

Психологиялық сүйемелдеу аясында эмоционалдық және физикалық ширығуды төмендетуге және командалық рухты нығайтуға бағытталған 212 жеке консультация (онлайн және оффлайн) және 23 топтық тренинг өткізілді. Харассмент, студенттер мен оқытушылардың адаптациясы, сондай-ақ студенттердің университет ортасына жайлы интеграциясына кедергі келтіретін мәселелерді анықтау бойынша әлеуметтік сауалнамалар жүргізілді.

Психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында Университет сайтында «Психологиялық қолдау қызметі» бөлімі ашылды, онда маманның байланыс деректері және «Психологқа сұрақ қой» айдары орналастырылған.

Психологиялық қызметтің жұмысы нәтижесінде білім алушылардың қолжетімді психологиялық көмек туралы хабардар болуы артты. Ерекше көңіл бірінші курс студенттерінің адаптациясына, эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға және жеңілдікті санаттағы білім алушыларға қолдау көрсетуге бөлінді. Үрей деңгейі жоғары студенттер топтары анықталып, оларды ары қарай сүйемелдеу қажет екені белгіленді. Кураторлармен өзара байланыс орнатылып, психологиялық қолдаудың оқу үдерісіне интеграциялануына ықпал етті.

Алдағы уақытта қызмет жұмысы тереңдетілген диагностикаға, жеке сүйемелдеуге, топтық іс-шараларға және ерекше қажеттіліктері бар студенттерге көмек көрсетуге бағытталатын болады.

Спорттық жетістіктер

2024 жылы Университетте 14 спорт секциясы жұмыс істеді, сондай-ақ қалалық және республикалық жарыстарға қатысу үшін 16 құрама команда құрылды (әйелдер волейболы, ерлер волейболы, футбол, әйелдер баскетболы, ерлер баскетболы, үстел теннисі, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, қол күресі, кикбоксинг, бокс, мас-рестлинг, қазақша күрес, жеңіл атлетика, дзюдо). Университеттің білім алушылары арасында: спорт шеберлері – 2 адам; спорт шеберлігіне кандидаттар – 20 адам; 1-ші разряд – 3 адам; 2-ші разряд – 2 адам.

Жыл басынан бері Ректор Кубогына 15 ішкі университеттік спорттық жарыс өткізілді. Университет командалары 13 қалалық жарысқа, Астана қаласының Әуесқой баскетбол лигасына, 7 спорт түрі бойынша Студенттік спорт лигасының өңірлік кезеңіне және 4 спорт түрі бойынша Универсиаданың республикалық кезеңіне қатысты. Бұл жарыстарда студенттеріміз 52 университет арасынан 1 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль жеңіп алды.

2024 жылы Университет студенттері әртүрлі деңгейдегі спорттық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетті. Халықаралық аренада Университет ҚХР Харбин қаласында өткен студенттер арасындағы Азия чемпионатында ушудан 3-орын иеленді. Республикалық деңгейде кикбоксингтен 1 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль, сондай-ақ Астана қаласының ММА чемпионатында 1-орын жеңіп алынды. Университет командасы «WAKO FULL-CONTACT» кикбоксинг студенттік турнирінде жалпыкомандалық 2-орынды иеленді, қазақша күрес турнирінде (1 күміс, 2 қола), қалалық дойбы чемпионатында (3-орын) және Жеңіс күніне арналған эстафетада (3-орын) жоғары нәтижелер көрсетті. Студенттік спорт лигасы аясында кикбоксингтен алтын, күміс және қола медальдар жеңіп алынды.

Қалалық деңгейде де жоғары нәтиже көрсетілді: Астана баскетбол лигасында – 5-орын, «Student Government» турнирінде үстел теннисінен – 3-орын, волейболдан – 2-орын, «Додо» мини-футбол турнирінде – 3-орын, «Student Cup – Қажымұқан Жолы by Nomad Games» жарысында – 1-орын.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 45- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Дене шынықтыру және спорт – студенттік өмірдің маңызды бөлігі, ол денсаулықты нығайтуға, тәртіп пен командалық рухты дамытуға ықпал етеді. Университетте тұрақты спортпен шұғылдануға барлық жағдай жасалған. Күніне 100 адамға дейін қабылдайтын фитнес-зал жұмыс істейді. Жалпы алғанда, дене шынықтыру және спортпен шамамен 2400 студент шұғылданады, бұл білім алушылардың 22%-ын құрайды.

Волонтерлік қызмет

Волонтерлік (еріктілік) – тәрбиелік жұмыстың және білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды бөлігі. Ерікті бастамаларға қатысу білім алушыларға белсенді өмірлік ұстаным көрсетуге, құнды тәжірибе жинауға, көшбасшылық қасиеттер мен командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

2024 жылы Университеттің волонтерлік қозғалысына 894 студент қатысты. Олар түрлі деңгейдегі маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге атсалысты. Олардың қатарында: Дүниежүзілік көшпенділер ойындары, MUA RUN жүгіру марафоны, Қазақстанда АЭС құрылысы бойынша референдум, Республика күніне арналған мерекелік концерт, “Jastar Fest” форумы, «Егіз-Лебіз» концерті, Университеттің 60 жылдығына арналған «Астана медициналық форумы 2024» халықаралық конференциясы, Astana Social Impact Hackathon, AMU Projects Forum from MedHub, самбо чемпионаты, Донор күні, АстМУ ашық есік күні, Қазақстан халқының медициналық көмекті бағалау жөніндегі социологиялық зерттеу, «Көлді аяла» және «Таза Қазақстан» экологиялық акциялары, сондай-ақ ҚР Президентінің қатысуымен өткен іс-шаралар, Димаш Құдайбергennің, Мирас Жүгінісовтің концерттері, «Ел орда аруы» конкурсы және басқалары бар.

Студенттердің осы бастамаларға белсенді қатысуы олардың жоғары әлеуметтік жауапкершілігін және қоғамдық өмірге ерекше қызығушылығын көрсетеді.

Алдағы кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар:

Студенттердің академиялық және тұлғалық дамуын қолдау жүйесін жетілдіру мақсатында жоспарлануда:

- студенттерді әлеуметтік қолдаумен қамтуды кеңейту (атаулы стипендиялар және т.б.);
- студенттік белсенділікті ынталандыратын баллдық-рейтингтік жүйені – интегралды GPA әзірлеу;
- студенттік өзін-өзі басқару рөлін арттыру жұмыстарын жалғастыру;
- әлеуметтік жобаларды іске қосу және т.б.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 46- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

2.11. Қоғамды ақпараттандыру

С главной страницы сайта есть возможность перехода на официальные страницы Университета в социальных сетях

АстМУ-дың amu.edu.kz корпоративтік сайты Университеттің білім беру қызметтері нарығын кеңейту, білім алушыларды, талапкерлерді, іскер серіктестерді және басқа да мүдделі тұлғаларды Университет қызметінің түрлі аспектілерімен жедел таныстыру, мақсатты аудиториямен өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Университеттің оқу құны және басқа да ақпараттармен қамтамасыз ету үшін Интернет желісінде ресми ақпараттық платформа болып саналады.

Сайттың басты бетінде Университеттің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына өту мүмкіндігі бар:

Facebook – [MeduniverAstana](https://www.facebook.com/MeduniverAstana)

Instagram – [amu_mua_official](https://www.instagram.com/amu_mua_official)

Telegram – [amuedukz](https://www.telegram.com/amuedukz)

YouTube – [Astana-Medisina-Universiteti](https://www.youtube.com/Astana-Medisina-Universiteti)

Бұл парақшалар – тек ақпараттық орта ғана емес, сонымен бірге пайдаланушылар Университет, оның профессорлары мен басқа қызметкерлері туралы пікір қалдыратын, сұрақтарына жауап алатын коммуникациялық алаң.

Университет қызметі туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға жыл сайын Университет қатысатын «Білім және ғылым» және «Nova Education» халықаралық көрмелерінде де ұсынылады. Көрме қонақтары білім беру бағдарламалары, оқу құны, шекті балдар және басқа да ақпаратты ала алады. Университет қонақтарға өз қызметін қысқаша сипаттайтын жарнамалық буклеттер, флаерлер, қаламдар және блокноттар таратады.

БАҚ-пен жұмыс тиімділігі артты. Әрбір ақпараттық себеп бойынша баспасөз қызметі ақпараттық-имидждік материалдарды (анонстар, хабарландырулар, баспасөз релиздері және т.б.) ҚР аумағында таралатын интернет-агенттіктерде (порталдарда, сайттарда) дайындап, орналастырады. 2024 жылы Университет туралы жарияланымдар Nur.kz, Inform.kz, Zakon.kz, Tengrinews.kz, BaigeNews.kz және басқа да жетекші интернет-ресурстарда жарияланды.

Сонымен қатар, Университет қызметі туралы материалдар республикалық және халықаралық телеарналарда көрсетілді, олардың қатарында: Россия 24, «Мир» халықаралық телеарнасы, Хабар, Хабар 24, Объектив KZ, Бірінші канал «Евразия», Astana TV, Қазақстан, Алматы TV, КТК, 31 канал, Jibek Joly, Халық Үні, Atameken Business, Ел Арна.

Есептік кезеңде сыртқы БАҚ-та 400 материал, Университет сайтының «Жаңалықтар» бөлімінде 461 жарияланым, әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда 736 пост жарияланды.

2024 жыл ішінде баспасөз қызметі тікелей желі телефоны +7 (7172) 24-90-01 нөміріне және Университет сайтындағы Ректор блогына келіп түскен сұрақтарды қабылдап, өңдеді. Барлық сұрақтарға уақытылы жауап берілді, жауаптардың қанағаттанарлықсыздығына қатысты арыз-шағымдар тіркелген жоқ.

Ауқымды ақпараттық қамту Университеттің танымалдығын арттыруға, оны жетекші медициналық жоғары оқу орны ретінде қалыптастыруға және мақсатты аудиторияны кеңейтуге ықпал етті.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 47- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

3-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

3.1. Корпоративтік басқару принциптері

Университеттің корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітіліп, Университетте сақталуы тиіс негізгі қағидаттарды айқындайды, оның ішінде:

– Өкілеттіктерді бөлу қағидаты. Корпоративтік басқару жүйесі Жарғыда айқындалатын Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Атқарушы орган, мүдделі тараптар және өзге де органдар арасындағы өзара қатынастарды көздейді. Бұл қағидатқа сәйкес шешім қабылдау тәртібінің иерархиясы, органдар арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты бөлінуі, сондай-ақ Университет қызметіндегі процестердің тиімділігі қамтамасыз етілуі тиіс.

– Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты. Университет қызметі Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және құрметтеуге негізделеді және Университеттің тиімді қызметіне – ұзақ мерзімді құнын арттыруға, қаржылық тұрақтылық пен кірістілігін сақтауға бағытталған.

– Университетті Директорлар кеңесі мен Басқарма тарапынан тиімді басқару қағидаты. Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционер мен Университеттің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, шынайылық, дәлдік және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді. Өз кезегінде Басқарма Университеттің ағымдағы қызметіне басшылық жасап, міндеттерді орындауға және Даму стратегиясын іске асыруға жауапты.

– Тұрақты даму қағидаты. Университет ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтылуы тиіс, бұл ретте өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын түсіне отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтауы қажет.

– Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты. Бұл қағидат Университеттің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша орынды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған тиімді тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды көздейді.

– Корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ Университет қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын адал және парасатты орындайды, қақтығыстардан аулақ болады. Корпоративтік даулар туындаған жағдайда тараптар Университет пен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғау мақсатында оларды келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздейді.


– Университет қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ өзінің қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және шынайы түрде ашып отырады.

3.2. Корпоративтік басқару құрылымы

Университеттің органдары:

- 1) Университеттің жоғарғы органы – Жалғыз акционер;
- 2) Университеттің басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Университеттің алқалық атқарушы органы – Басқарма;
- 4) Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасайтын орган – Ішкі аудит қызметі.

Ұйымдық құрылым



 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 49- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

3.3. Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі, заңнамада және/немесе Университет Жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Университет қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы №701 бұйрығымен үш жыл мерзімге бекітілген.

2024.31.01 – 05.07 аралығындағы Директорлар кеңесінің құрамы:

1) Бахытжан Дерибсалиевич Сексенбаев – тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің төрағасы;

2) Жандос Конысович Буркитбаев – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі;

3) Қайрат Жақсықұлович Мырзахметов – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

4) Дамир Серкбаевич Суентаев – тәуелсіз директор;

5) Камалжан Талгатович Надыров – «АстМУ» КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректоры.

2024.09.08 – 10.10 аралығындағы Директорлар кеңесінің құрамы:

1) Бахытжан Дерибсалиевич Сексенбаев – тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің төрағасы;

2) Тимур Сламжанович Султангазиев – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі;

3) Нурмахан Абылкасымович Адильбеков – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

4) Дамир Серкбаевич Суентаев – тәуелсіз директор;

5) Камалжан Талгатович Надыров – «АстМУ» КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректоры.

Өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 жылғы 21 қарашадағы №807 бұйрығымен Директорлар кеңесінің жаңа құрамы бекітілді.

Есепті жылдың соңында Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғалар кірді:

1) Даулетхан Сергазиевич Есимов – Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор;

2) Тимур Сламжанович Султангазиев – ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі;

3) Нурмахан Абылкасымович Адильбеков – ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

4) Нурлан Мұхтарбекұлы Ыбырайым – тәуелсіз директор;

5) Виталий Викторович Койков – «АстМУ» КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректорының міндетін атқарушы.

2024 жылы Директорлар кеңесінің 13 отырысы өткізіліп, 47 мәселе қаралды.

Есептік кезеңде келесі негізгі мәселелер бойынша шешімдер қабылданды:

- ішкі корпоративтік құжаттарды бекіту;
- ұйымдық құрылымға өзгерістер енгізу;
- Университеттің жылдық қаржылық есептілігі мен даму жоспарын бекіту;
- комитеттер мен ІАҚ есептерін қарау және т.б.

Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Жалғыз акционермен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісу арқылы жүзеге асырылады. Үміткерлердің құзыреті, дағдылары, жетістіктері, іскерлік беделі және кәсіби тәжірибесі ескеріледі.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 50- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі – Университеттің бақылау органы, ол Университетте ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және соның алдында есеп береді.

Қызметтің жұмысы Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Жылдық аудиттік жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қызмет өз жұмысында тәуелсіздік пен объективтілік қағидаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін, Университет органдарының шешімдерін және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын басшылыққа алады.

2024 жылы Ішкі аудит жоспарына сәйкес Ішкі аудит қызметі 12 аудиттік тексеру және Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша 2 жоспардан тыс тексеру жүргізді. Нәтижесінде 17 ұсыным берілді.

Комплаенс-офицер

Университетте COMPLAENС-офицер лауазымы енгізілген. COMPLAENС-офицердің негізгі мақсаты – Университеттің, оның қызметкерлері мен білім алушыларының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Корпоративтік этика кодексін, Ішкі тәртіп қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 51- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

3.4. Басқарма

Басқарма – Университеттің Стратегиясын іске асыру және қойылған міндеттерді орындау мақсатында ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, ашықтық, кәсібилік, объективтілік және жүйелілік қағидаттарына негізделеді. Басқарма Университеттің мүддесінде әрекет етеді және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне есеп береді.

Басқарма 6 мүшеден тұрды – Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесі сайлаған өзге тұлғалар.

Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай келіп қатысуымен және сырттай қатысуымен өткізіледі.

2024 жылы келіп қатысумен Басқарманың 30 отырысы өткізіліп, 166 шешім қабылданды. Сырттай қатысумен қабылданған шешімдер болған жоқ.

Есептік кезеңде Басқарма Университеттің келесі негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдады:

- Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Университеттің Даму жоспарына түзетулер енгізу;
- штаттық кестеге өзгерістер енгізу;
- қызметкерлерге сыйақы беру мәселелері;
- Басқарманың құзыретіне жататын өзге де мәселелер.

Басқармаға сыйақы төлеу

Есептік кезеңдегі жұмыстың нәтижелері бойынша сыйақылар қызметтің тиімділігін бағалау нәтижелеріне сәйкес, қол жеткізілген жетістіктер үшін материалдық ынталандыру және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу, сыйақы төлеу және әлеуметтік қамтамасыз ету шарттары туралы ережеге сәйкес төленеді. Есептік кезең бойынша сыйақы төлеудің негізгі шарты – сыйақы төлеуге жоспарланған соманы ескеріп, есептік кезеңнің шоғырландырылған қорытынды пайдасының болуы.

Есептік кезеңнің нәтижелері үшін сыйақы Университет бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде, есептік кезеңге арналған қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері аудиттелген қаржылық есептілік негізінде белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін төленеді.

Басқарма құрамы:

Камалжан Талгатович Надыров – Басқарма төрағасы - Ректор (2024.12.11 дейін)

Виталий Викторович Койков – Басқарма мүшесі, проректор

Айгуль Битимбаевна Жунусова – Басқарма мүшесі, проректор

Диас Даулетбекович Сайдангазин – Басқарма мүшесі, проректор

Меруерт Арстановна Газалиева – Басқарма мүшесі, проректор

Бахтиер Иркинович Мараджапов – Басқарма мүшесі, қаржы директоры

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Университетте тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді, оған Риск-менеджер жауапты. Осы жүйе аясында барлық маңызды тәуекелдерді дер кезінде төмендету бойынша тиісті шараларды қабылдау мақсатында оларды жүйелі түрде сәйкестендіру, бағалау және мониторингілеу рәсімдері жүргізіледі.

Жыл сайын тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізіліп, оның нәтижелері тәуекелдер тізілімінде, тәуекелдер картасында және әрекет ету жөніндегі іс-шаралар жоспарында ресімделеді. Бұл құжаттар Директорлар кеңесімен бекітіліп, танысу үшін барлық қызметкерлерге жолданады.

Тәуекелдерді басқару рәсімдері жаңа тәуекелдерді жедел анықтауды, олардың иелерін белгілеуді және туындайтын қатерлерге жедел ден қоюды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 52- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

басқару бойынша негізгі міндеттер қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында бекітілген, бұл Университеттегі тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шараларды нақты түсінуге және тиімді орындауға мүмкіндік береді.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 53- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

3.5. Тұрақты даму

Университет өз қызметінде тұрақты даму қағидаттарын жүйелі түрде білім беру, ғылыми және әлеуметтік бағыттарға интеграциялап келеді. Ол тек медицина және денсаулық сақтау саласының жоғары білікті мамандарын даярлауға ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне жауап бере алатын жауапты және орнықты қоғамдастық қалыптастыруға ұмтылады.

2024 жылы тұрақты дамудың келесі жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған Тұрақты даму саясаты әзірленді:

- білім алушылар мен қызметкерлердің экологиялық сауаттылығын арттыру;
- ресурстарды тиімді пайдалану және қалдықтарды азайту;
- климаттың өзгеруі бойынша ғылыми зерттеулерді қолдау;
- қоғаммен өзара іс-қимыл және қоршаған ортаны қорғау іс-шараларына қатысу;
- ашықтықты қамтамасыз ету және қабылданатын шаралардың тиімділігін мониторингтеу және т.б.

Осы міндеттер аясында БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі 17 мақсаты бойынша әлеуметтік қолдау, денсаулық сақтау, инклюзивті білім беру, гендерлік теңдік, экологиялық бастамалар және халықаралық серіктестік бағыттарын қамтитын іс-шаралар кешені жүзеге асырылды.

Орындалған іс-шаралар (толығырақ):

ТДМ 1, 2. Кедейлікті және ашаршылықты жою

- су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсетілді;
- жетім балаларға арналған киім-кешекке 23 682 351 теңге бөлінді;
- осы санаттағы студенттердің тамағына 48 968 741 теңге жұмсалды.

ТДМ 3. Денсаулық және әл-ауқат

- футбол, армрестлинг, жеңіл атлетика, кикбоксинг және т.б. бағыттарда 10-нан астам спорттық іс-шара өткізілді;
- АИТВ/ЖИТС профилактикасы бойынша форум ұйымдастырылды (студенттер мен ОПҚ белсенді қатысуымен).

ТДМ 4. Сапалы білім беру

- 70 аккредиттелген білім беру бағдарламасы, 527 қосымша білім беру бағдарламасы іске асырылуда;
- THE Impact және QS Stars халықаралық рейтингтеріне қатысу (4 жұлдыз);
- олимпиадалар, жазғы мектептер, талапкерлермен жұмыс жүргізілді, т.б.

ТДМ 5. Гендерлік теңдік

- Университетте дискриминация мен харассментке жол бермеу саясаты енгізілді;
- қабылдау науқаны мен басқару процестерінде теңдік қағидаттары сақталады.

ТДМ 6. Таза су және санитария

- жатақханаларда эпидемиологиялық бақылау жүргізіледі;
- медициналық ұйымдарда санитариялық-эпидемиологиялық шаралар жүзеге асырылады.

ТДМ 7-9. Энергия, жұмыспен қамту және инновациялар

- қызметкерлердің еңбекақысы көтерілді;
- инфрақұрылым жаңартылды: кітапханаға, лекциялық залдарға, акт залына күрделі жөндеу жүргізілді.

ТДМ 10. Теңсіздікті азайту

- әлеуметтік осал топтарды гранттар және жеңілдіктер арқылы қолдау;
- мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін қолайлы орта қалыптастыру.

ТДМ 11. Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар

- инфрақұрылымды дамыту, қолжетімді қозғалыс аймақтарын құру.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 54-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

ТДМ 12-13. Жауапты тұтыну және өндіру, климат өзгеруімен күрес

- оқу корпустарының бәрінде қалдықтарды бөлек жинау контейнерлері орнатылды;
- көміртегі ізін азайту бағдарламасы қабылданды;
- тұрақты даму бойынша ағартушылық семинарлар өткізіледі;
- электронды құжат айналымы қолданылады.

ТДМ 14-15. Экожүйелерді сақтау

- экологиялық сенбіліктерге қатысу;
- тұрғын үйлер мен медициналық ұйымдардағы радон бойынша ғылыми зерттеулер.

ТДМ 16-17. Институционалдық даму және серіктестік

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- кәсіподақ ұйымдары;
- клиникалық базалар ретінде денсаулық сақтау ұйымдарымен ынтымақтастық;
- халықаралық серіктестік.

Айта кету керек, осы бөлімде аталған іс-шаралар ғана емес, жалпы, Университеттің барлық әрекеттері мен жетістіктері оның тұрақты дамуына бағытталған. Бұл тәсіл тек білім беруді ғана емес, сонымен бірге денсаулыққа, қоршаған ортаға, әл-ауқатқа және инклюзивтілікке қосқан үлесін де қамтиды.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 55- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

4-БӨЛІМ. АУДИТОР ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕРМЕН ҚОСА БЕРІЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікке аудитті тәуелсіз аудиттік ұйым «Эксперт Аудит КЗ» ЖШС жүргізді.

Аудитордың қорытындысына сәйкес, қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілер бойынша 2024 жылғы 31 желтоқсандағы Қоғамның қаржылық жағдайын, сондай-ақ есепті кезеңдегі қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын шынайы көрсетеді. Есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңының талаптарына және ҚР Қаржы министрлігі бекіткен нысандарға сәйкес жасалған.

Жылдық қаржылық есептілік 2025 жылғы 4 маусымдағы №7 хаттамамен Директорлар кеңесімен қаралып, алдын ала мақұлданды және ҚР Денсаулық сақтау вице-министрінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №480 бұйрығымен бекітілді.

20-кесте – Университет ЖҚЕ көрсеткіштері

ЖҚЕ көрсеткіштерінің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік		Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік	
	Кезең басында	Кезең аяғында	Кезең басында	Кезең аяғында
Қысқа мерзімді активтер	5 145 199	4 136 648	5 159 738	4 174 706
Ұзақ мерзімді активтер	18 248 678	20 354 456	18 219 799	20 315 383
Қысқа мерзімді міндеттемелер	11 180 435	3 005 833	11 188 943	3 025 344
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	18 285	21 369	18 285	21 369
Жарғылық капитал	11 938 468	20 746 332	11 938 468	20 746 332
Бөлінбеген пайда (шығын)	256 689	717 570	233 841	697 044
Баланс валютасы	23 393 877	24 491 104	23 379 537	24 490 089

21-кесте – 2023-2024 жж. бойынша пайда мен шығындар туралы есеп

ЖҚЕ көрсеткіштерінің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік		Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік	
	2023 жыл	2024 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Кірістер, оның ішінде:	12 422 516	16 902 188	12 728 698	17 246 615
Сатудан түскен түсім	11 425 928	15 330 304	11 733 297	15 673 373
Қаржылық кірістер	363 401	340 185	363 401	340 185
Басқа кірістер	633 187	1 231 699	632 000	1 233 057
Қоғамның шығыстары, оның ішінде:	12 050 537	16 459 256	12 360 277	16 801 583
Құны	10 263 692	14 336 754	10 529 175	14 631 724
Әкімшілік шығыстар	1 384 618	1 718 650	1 424 655	1 750 881
Басқа шығындар	402 227	403 852	406 447	418 978
Жылд бойынша пайда (шығын)	371 979	442 932	368 421	445 032

22-кесте – 2024 жылға арналған ақшалай қаражаттың түсуі және шығысы

№	Көрсеткіштің атауы	Сума, мың теңге
	Жыл басындағы қолма-қол ақша	4 780 029
1	Ақша қаражатының түсуі	17 777 043
2	Ақша қаражатының шығыстары	19 236 230
3	Валюта бағамының теңгеге әсері	235 427
4	Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының баланстық құнының өзгеруінің әсері	71 941
	Жыл аяғындағы ақша қаражаты	3 628 210

5-БӨЛІМ. АНАЛИТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Даму стратегиясының көрсеткіштері

Университеттің 2022-2026 жылдарға арналған даму стратегиясы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 мамырдағы № 17 қаулысымен бекітілген. Даму стратегиясы бес стратегиялық бағытты айқындайды, олар өз кезегінде Университетті дамытудың 18 басым бағытын және 68 нысаналы индикаторды қамтиды:

1-стратегиялық бағыт. Сұраныс бар мамандықтар мен мамандықтар бойынша бәсекеге қабілетті және кәсіби құзыретті денсаулық сақтау мамандарын даярлау (5 басым бағыт, 26 нысаналы индикатор).

2-стратегиялық бағыт. Ғылыми-зерттеу университетіне айналдыру және оны денсаулық сақтау тәжірибесі мен саясатына жаңа білім мен инновацияларды аударудың жетекші орталығы ретінде дамыту (6 басым бағыт, 21 нысаналы индикатор).


3-стратегиялық бағыт. Университетті білім, ғылым және практиканың үштұғырлығы негізінде жұмыс істейтін интеграцияланған академиялық медициналық орталық ретінде дамыту (3 басым бағыт, 8 нысаналы индикатор).

4-стратегиялық бағыт. Кадрлық әлеуетті дамыту және университеттің басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіру (3 басым бағыт, 10 нысаналы индикатор).

5-стратегиялық бағыт. Университеттің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын дамыту (1 басым бағыт, 3 нысаналы индикатор).

Даму стратегиясының 2024 жылға жоспарланған 66 нысаналы индикаторының ішінде

- 48 көрсеткішке, немесе 73%-ға, қол жеткізілді – 47 көрсеткіш 100%-ға және одан жоғары орындалды, 1 көрсеткіш орындалып жатыр (2023 жылы – 80%, 53 көрсеткіш);
- 17 көрсеткішке, яғни 26%-ға, қол жеткізілмеді.



14-сурет – Стратегиялық бағыттар бойынша Даму стратегиясын іске асыру

23-кесте – 1-стратегиялық бағыт көрсеткіштерінің орындалуы

№	Индикатордың атауы	Жоспар	Факт	Орындалуы, %
1	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған бакалавриат түлектерінің үлесі	95%	97%	102
2	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған интернатура түлектерінің үлесі	96	99,6	104

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		63 беттің 57- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп		

3	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған резидентура түлектерінің үлесі		97	99,78	103
4	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған, ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған ЖОО түлектерінің үлесі		97,5	99,3	102
5	Білім берудің әрбір деңгейі бөлінісінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны (білім алушылар контингентінің болуымен):	техникалық және кәсіби	3	0	
6		қолданбалы бакалавриат	1	0	
7		академиялық бакалавриат + УИМБ	10	10	100
8		магистратура	11	17	155
9		докторантура	5	5	100
10		резидентура	39	38	97
11		қосымша білім (сертификаттау курстары)	7	20	286
12	ЖОО мен ҒЗИ, ҚР ҰО қатысуымен ЖОО әзірлеген бірлескен білім беру бағдарламаларының саны		3	5	167
13	Білім беру бағдарламаларының каталогына енгізілген қосымша білім беру бағдарламаларының саны		7	13	186
14	Қосымша және бейресми білім беру шеңберінде шарттық негізде және мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алушылардың саны		3500	5715	163
15	Толығымен ағылшын тілінде оқитын студенттердің үлесі		14	8,4	60
16	Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы контингентіндегі шетелдік студенттердің үлесі		22	10,2	47
17	Шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын білім алушылардың үлесі		3,5	4,6	132
18	ОПҚ жалпы санындағы шақырылған шетелдік оқытушылардың үлесі		2,2	4	184
19	Шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын ОПҚ үлесі		4	12,1	302
20	Шетелдік жоғары оқу орындарының қатысуымен екі дипломмен әзірленген бірлескен білім беру бағдарламаларының саны	қос дипломды	2	1	50
21		қос дипломсыз	3	3	100
22	Ағылшын тілін меңгерген ОПҚ үлесі (TOEFL - 525, IELTS - 5,5, ҰТО - 75 балл):	Барлығы	15,5	12	75
23		45 жасқа дейін	23	17,7	77
24	Еріктілер қозғалысына қатысатын білім алушылардың үлесі		4,5	8,03	178
25	Халықаралық олимпиадалардың жүлдегерлері, халықаралық конференциялардың, конкурстардың, жарыстардың (ғылыми, практикалық, білім беру бағытындағы) жеңімпаздары болып саналатын білім алушылардың үлесі		1,2	1,8	148

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		63 беттің 58- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп		

26	Жұмыс істеп тұрған ЖОО аралық студенттік пікірталас платформаларының саны	7	10	143
----	---	---	----	-----

Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілген жоқ:

- Білім берудің әрбір деңгейі бөлінісінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны (білім алушылар контингентінің болуымен): *техникалық және кәсіби*

- Білім берудің әрбір деңгейі бөлінісінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны (білім алушылар контингентінің болуымен): *қолданбалы бакалавриат* – Астана қ. ЖМК-мен интеграция аясында бағдарламаларды іске қосу жоспарланған еді. Алайда ЖМК-мен интеграциялау мәселесі тиімсіздігі мен жоғары қаржылық тәуекелдерге байланысты кейінге қалдырылды. Көрсеткішке қол жеткізу мақсатында Университет ТЖКБ және орта білімнен кейінгі білім беру бойынша лицензия алуды жоспарлауда.

- Білім берудің әрбір деңгейі бөлінісінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны (білім алушылар контингентінің болуымен): *резидентура* – жеткіліксіз кәсіби бағдар жұмысына байланысты. 15 мамандық бойынша жаңа резидентура бағдарламалары әзірленбеген. Көрсеткішті орындау мақсатында кәсіби бағдарлау жұмыстарын және резидентураға грант бөлу бойынша ЖАО-мен жұмысты күшейту жоспарлануда.

- Толығымен ағылшын тілінде оқитын студенттердің үлесі – алыс шетелден келетін (көбіне ағылшын тілінде оқитын) шетелдік студенттер қабылдауының төмендеуі және Қазақстан азаматтарының қабылдануының артуы себеп болды. Көрсеткішке қол жеткізу үшін стратегиядағы жоспарлы мәндер қайта қаралатын болады.

- Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы контингентіндегі шетелдік студенттердің үлесі – бакалавриатқа жалпы қабылдау өскеніне қарамастан, шетелдік студенттер ағымының төмендеуімен байланысты. Көрсеткішті орындау үшін стратегиядағы жоспарлы мәндер реттелетін болады.

- Шетелдік жоғары оқу орындарының қатысуымен екі дипломмен әзірленген бірлескен білім беру бағдарламаларының саны: *қос дипломды* – мектептердің бірлескен ББ әзірлеу және реестрге енгізу бойынша белсенділігінің жеткіліксіздігіне байланысты орындалмады. Көрсеткішті орындау мақсатында шетелдік әріптестерді іздеу және мектептердің шетелдік университеттермен бірлескен ББ әзірлеу жұмысын күшейту жоспарлануда.

- Ағылшын тілін меңгерген ОПК үлесі (TOEFL - 525, IELTS - 5,5, ҰТО - 75 балл): *барлығы*

және

- Ағылшын тілін меңгерген ОПК үлесі (TOEFL - 525, IELTS - 5,5, ҰТО - 75 балл): *45 жасқа дейін* – TOEFL, IELTS емтихандарына дайындық шараларының жеткіліксіздігіне байланысты. Көрсеткішке қол жеткізу үшін ағылшын тілін меңгеруге жағдайлар жасалады: ОПК үшін тілдік дайындық, ПОӘК (УМКД) әзірлеу, кітапхана ресурстарын толықтыру, сондай-ақ шетелдік студенттерді тартатын агенттермен жұмыс саясаты қайта қаралады.

24-кесте – 2-стратегиялық бағыттың индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы		Жоспар	Факт	Орындалуы, %
1	Web of Science немесе Scopus базасы бойынша өндірістік персонал Хиршінің орташа индексі		0,41	0,66	160
2	Web of Science немесе Scopus индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жыл ішінде жарияланған мақалалар санының штаттық ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық персонал санына қатынасы		1:3	1:1,6	188
3	Web of Science не Scopus базасы бойынша жоғары академиялық	Хирш индексі кемінде 3	3,5	8,2	234

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 59-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

№	Индикатордың атауы		Жоспар	Факт	Орындалуы, %
4	жетістіктері бар ОПК және ғылыми қызметкерлердің үлесі	Q1-Q2 журналдарындағы мақалалар	4	13	325
5	Университет құрылымындағы ғылыми бөлімшелердің (институттардың, ғылыми орталықтардың) саны		4	5	125
6	Табысты стартаптар саны / спинофф кеңселері		3	6	200
7	Алынған қорғау құжаттарының (халықаралық және ұлттық патенттердің, авторлық куәліктердің) саны		107	252	236
8	ЖОО-ның жалпы бюджетіндегі ғылыми қызметтен түсетін кірістердің үлесі		3,5	4,3	123
9	Бюджеттің жалпы көлемінен ғылыми қызметке арналған шығыстардың үлесі (оның ішінде ОПК және білім алушылар үшін ЖОО ішіндегі гранттарға)		2,7	1,52	56
10	Ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалардың, оның ішінде халықаралық жобалардың саны		20	30	150
11	Кафедрадағы студенттік ғылыми үйірмелердің мүшелері болып саналатын білім алушылардың үлесі		18	22,56	125
12	Білім алушылардың ғылыми және инновациялық жобаларының саны		8	11	138
13	Web of Knowledge, Scopus басылымдарында білім алушылардың жарияланымдарының саны		24	33	138
14	Соңғы төрт жылда PhD докторы дипломын алған, сондай-ақ ҚР БҒМ БҒСБК дәрежесін алуға құжаттар берген докторантура түлектерінің үлесі		40	22,6	57
15	Университеттің институционалдық мүшелігі бар денсаулық сақтау саласындағы зерттеулер мен кадрлар даярлау жөніндегі жетекші халықаралық ұйымдардың саны		6	6	100
16	Шетелдік әріптестермен бірлескен ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалардың саны		10	7	70
17	Жалпы бюджетте ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іске асыруға шетелдік гранттардан алынған қаражаттың үлесі		1,3	0,52	40
18	QS: QS Emerging Europe & Central Asia University Rankings рейтингінде Университеттің орны		201-250	-	-
19	QS: QS World University Rankings рейтингінде Университеттің орны		-	-	-
20	Университеттің медициналық жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми қызмет бойынша салалық рейтингтегі орны		3	5	60
21	«Астана медициналық журналы» ғылыми-практикалық журналы индекстелетін халықаралық деректер базасының саны		6	3	50

Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілген жоқ:

- Бюджеттің жалпы көлемінен ғылыми қызметке арналған шығыстардың үлесі – ішкі университеттік гранттарға жұмсалатын шығындардың қысқаруы және жалпы бюджеттің (шығыс бөлігінің) ұлғаюы себеп болды. Бұрын ішкі гранттарға жоспарланған қаражат ғылымның басқа бағыттарына (ғылыми тағылымдамалар, қызметкерлер мен жас ғалымдардың ғылыми белсенділігін ынталандыру) бағытталатын болады.

- Соңғы төрт жылда PhD докторы дипломын алған, сондай-ақ ҚР БҒМ БҒСБК дәрежесін алуға құжаттар берген докторантура түлектерінің үлесі – докторанттар мен ғылыми кеңесшілердің

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 60- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

жауапкершілік және мотивация деңгейінің жеткіліксіздігі, докторлық зерттеулердің уақытылы орындалуына мониторинг жүйесінің әлсіздігі, диссертациялық зерттеулерді жоспарлау мен орындау сатысындағы кемшіліктер, ғылыми кеңесшілерді таңдаудағы олқылықтар әсер етті. Көрсеткішке қол жеткізу үшін докторантура түлектерінің қорғау деңгейін арттыруға бағытталған кешенді шаралар қабылданатын болады (қабылдау талаптарын күшейту, тақырыптарды бекіту тәртібін жетілдіру, ғылыми кеңесшілерді іріктеу, докторанттар мен кеңесшілердің мотивациясы мен жауапкершілігін арттыру, докторлық зерттеулерді мониторингтеу жүйесін жетілдіру).

- Шетелдік әріптестермен бірлескен ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалардың саны

және

- Жалпы бюджетте ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іске асыруға шетелдік гранттардан алынған қаражаттың үлесі – шетелдік серіктестермен бірлескен жобаларға өтінім берудің төмендігі және ұсынылған өтінімдердің сапасының жеткіліксіздігі себеп болды. Университет қазіргі серіктестермен ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуді, бірлескен жобаларды іске қосуды, сондай-ақ қызметкерлерге шетелдік гранттарға өтінім беру бойынша оқыту мен инструктаж өткізуді жоспарлауда.

- Университеттің медициналық жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми қызмет бойынша салалық рейтингтегі орны – ғылыми еңбектердің дәйексөз алу деңгейінің төмендігі, Web of Science, Scopus және Springer базаларындағы жарияланымдардың аздығы, сондай-ақ өндірістік персонал ставкаларының жеткіліксіздігі бойынша төмен көрсеткіштер болды.

- «Астана медициналық журналы» ғылыми-практикалық журналы индекстелетін халықаралық деректер базасының саны – 2024 жылы ҚР БҒМ БҒСБК тізіміне енгізу және журнал сайттарын жаңғырту басымдық алғандықтан орындалмады. Көрсеткішке қол жеткізу үшін Университет журналының халықаралық дерекқорларда белсенді ілгерілетуін қамтамасыз ету және DOAJ базасына енгізуге өтінім беру жоспарлануда.

25-кесте – 3-стратегиялық бағыт индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы	Жоспар	Факт	Орындалуы, %
1	БҰДСЖ-да жұмыс істейтін клиникалық кафедралардағы ОПК үлесі (медұйымымен келісімшарты бар)	55%	74,7%	136
2	Университеттің клиникалық базаларында орындалатын клиникалық зерттеулер саны	7	4	57
3	Университеттің клиникалық базаларында диагностиканың, емдеудің, профилактиканың және оңалтудың енгізілген жаңа әдістерінің саны	37	45	122
4	Университеттің жеке медициналық ұйымдарының саны (құрылымында немесе еншілес ұйым ретінде)	2	1	50
5	Университеттің медициналық ұйымдарының базасында жұмыс істейтін құзырет орталықтарының саны	3	4	133
6	Симуляциялық орталықтың (ОСКЭ) ресурстарын пайдалана отырып қорытынды бақылау жүргізілетін клиникалық пәндердің үлесі	45	59	131
7	Симуляциялық орталықтың арсеналындағы клиникалық сценарийлер саны	45	59	131
8	Командалық жұмыс (коммуникативтік медициналық дағдылар) қағидаттары бойынша мастер-класстар бойынша оқытылғандар саны	70	80	114

Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілген жоқ:

- Университеттің клиникалық базаларында орындалатын клиникалық зерттеулер саны – клиникалық зерттеулерді жүргізу үшін демеушілерді тарту бойынша жеткіліксіз белсенділікке байланысты орындалмады. Бұл бағытта ғылыми ынтымақтастықты кеңейту, фармацевтикалық

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 61-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

компаниялармен жұмысты күшейту, сондай-ақ қызметкерлерге клиникалық зерттеулерді жоспарлау және жүргізу мәселелері бойынша, GCP стандарттарына сәйкес, оқыту мен нұсқаулық жүргізу жоспарлануда.

- Университеттің жеке медициналық ұйымдарының саны (құрылымында немесе еншілес ұйым ретінде) – Стоматология институты мен профессорлық клиника бойынша жобалар іске асырылмағандықтан, ал университеттік аурухана жобасы тоқтатылғандықтан көрсеткішке қол жеткізілмеді. Бұл көрсеткішті даму стратегиясынан алып тастау жоспарлануда, оның орнына Университеттің медициналық ұйымдармен өзара әрекеттесу деңгейін және клиникалық практикаға инновацияларды енгізуді бағалайтын жаңа көрсеткіштер енгізілетін болады.

26-кесте – 4-стратегиялық бағыт индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы		Жоспар	Факт	Орындалуы, %
1	2021 жылмен салыстырғанда орташа жалақының өсуі	персоналдың барлық санаттары бойынша 1 ставкаға	132	292	221
2		педагог және ғылыми қызметкерлер бойынша 1 ставкаға	139	291	209
3	Қызметкерлерді ынталандыруға инвестициялардың үлесі (қызметкерлерді ынталандыруға арналған барлық қосымша шығындар-сыйлықақылар, қосымша ақылар, оқыту, мат.көмек) ЕАҚ жалпы көлемінде		21	37	176
4	ОПҚ және ғылыми персонал дәрежесінің деңгейі		43	43,5	101
5	Білім алушылардың оқу-білім беру процесін цифрландыруға қанағаттануының үлес салмағы		70	97,4	139
6	Білім алушылардың университетті басқару үдерістеріне қатысу деңгейі (алқалы органдарда өкілдік ету)		60	66,7	111
7	Менеджмент саласында (жобалық және стратегиялық менеджмент, тәуекелерді басқару) оқытылған ӘБП және құрылымдық бөлімшелер басшыларының үлесі.		12	30,3	253
8	Сату рентабельділігі (ROS)		0,71	2,88	406
9	Активтердің рентабельділігі (ROA)		0,58	1,81	311
10	Қоғамның жалпы шығысынан ЖОО ішіндегі гранттарға бөлінетін қаражат көлемі		1,03	0,2	19

Жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілген жоқ:

- Қоғамның жалпы шығысынан ЖОО ішіндегі гранттарға бөлінетін қаражат көлемі – 2024 жылы ішкі университеттік гранттарға арналған конкурс негізгі өтінімдердің ғылыми-зерттеу институттарынан (ҒЗИ) түсуіне байланысты алынып тастады, ал аталған гранттардың негізгі миссиясы – жас зерттеушілер мен білім алушыларды қолдау. Осыған байланысты бұл көрсеткішті даму стратегиясынан алып тастау жоспарлануда, себебі бұрын ішкі гранттарға жоспарланған қаражат ғылым бойынша басқа шығыс баптарына – ғылыми тағылымдамаларға, қызметкерлер мен жас ғалымдардың ғылыми белсенділігін ынталандыруға бағытталатын болады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 62-беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

27-кесте – 5-стратегиялық бағыт индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы	Жоспар	Факт	Орындалуы, %
1	Қоғамның бейінді емес активтерінің (ғимараттары мен құрылыстарының) үлесін төмендету	0	20	0
2	Жатақханамен қамтамасыз етілген білім алушылар саны (төсек-орын саны)	2327	3512	151
3	Бөгде ұйымдардың қазіргі заманғы оқу және ғылыми-зертханалық кешендеріне қолжетімділікті кеңейту	3	3	100

Жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілген жоқ:

- Қоғамның бейінді емес активтерінің (ғимараттары мен құрылыстарының) үлесін төмендету – себебі Степногорск қаласындағы ғимарат және Б. Момышұлы даңғылындағы балабақша ғимараты сатылмады. Бейінді емес активтерді сату жоспарлануда – Степногорскідегі ғимаратты сату, сондай-ақ Б. Момышұлы даңғылындағы балабақша ғимаратын Университеттің қажеттілігі үшін пайдалану жобасын қарастыру немесе аталған ғимаратты сату.

Даму жоспары

Университеттің 2022-2026 жылдарға арналған Даму жоспарының 2024 жылға арналған қаржылық кезең бойынша орындалуы туралы есеп Университеттің Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 4 маусымдағы №7 шешімімен бекітілді.

2024 жылы Даму жоспарының 4-қосымшасында 18 көрсеткіш көзделген. Оның ішінде 16 көрсеткіш, немесе 89%, орындалды және 2 көрсеткіш, немесе 11%, орындалмады.

Орындалған көрсеткіштер:

1) Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған ЖОО түлектерінің жұмыспен қамтылғандары немесе оқуды аяқтағаннан кейін бірінші жылы келесі білім беру деңгейіне түскендерінің үлесі: жоспар – 96%, факт – 99,3%, орындалуы – 103% (2023 ж. – 104%).

2) Қосымша және бейресми білім беру аясында (ақылы және мемлекеттік тапсырыс бойынша) оқитындардың саны:

жоспар – 3000 адам, факт – 5715, орындалуы – 190% (2023 ж. – 147%).

3) Интернатура түлектерінің тәуелсіз емтиханды бірінші реттен сәтті тапсырғандарының үлесі: жоспар – 96%, факт – 99,5%, орындалуы – 104% (2023 ж. – 102%).

4) Резидентура түлектерінің тәуелсіз емтиханды бірінші реттен сәтті тапсырғандарының үлесі: жоспар – 97%, факт – 99,7%, орындалуы – 103% (2023 ж. – 102%).

5) Білім беру қызметтері: жоспар – 10 шарт, факт – 10 шарт, орындалуы – 100% (2023 ж. – 200%).

6) Ақылы білім беру қызметтері: жоспар – 2345, факт – 2345, орындалуы – 100% (2023 ж. – 191%).

7) Әрбір білім деңгейі бойынша іске асырылатын білім беру бағдарламалары (контингенті бар) саны: жоспар – 76, факт – 90, орындалуы – 118% (2023 ж. – 100%).

8) ОПК-ның Web of Science немесе Scopus базасындағы орташа Хирш индексі: жоспар – 0,58, факт – 0,66, орындалуы – 113,8% (2023 ж. – 150%).

9) Іске асырылатын ғылыми, оның ішінде халықаралық, жобалар саны: жоспар – 5, факт – 5, орындалуы – 100% (2023 ж. – 100%).

10) Соңғы 5 жылдағы Web of Science немесе Scopus журналдарында жарияланған мақалалар санының ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер санына қатынасы: жоспар – 0,5, факт – 0,62, орындалуы – 124% (2023 ж. – 200%).

11) Ғылыми-зерттеу және инновациялық, оның ішінде халықаралық, жобалар саны: жоспар – 20, факт – 30, орындалуы – 150% (2023 ж. – 106%).

12) Клиникалық кафедра ОПК арасында денсаулық сақтау ұйымдарымен клиникалық маман ретінде шарт жасасқандардың үлесі: жоспар – 60%, факт – 74,5%, орындалуы – 135% (2023 ж. – 125%).

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	63 беттің 63- беті
	2024 жыл бойынша жылдық есеп	

13) «АстМУ медициналық орталығы» көрсететін медициналық қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейі: жоспар – 80,5%, факт – 88%, орындалуы – 109% (2023 ж. – 110%).

14) Атқарушы органдағы (Басқарма) әйелдер үлесін кезең-кезеңімен арттыру: жоспар – 40%, факт – 50%, орындалуы – 125%.

15) Құрылымдық бөлімшелердегі әйел басшылар үлесін кезең-кезеңімен арттыру: жоспар – 55%, факт – 63%, орындалуы – 114% (2023 ж. – 100%).

16) Интернет-ресурсты ақпаратпен толтыру: жоспар – 20 жарияланым, факт – 461 жарияланым, орындалуы – 2305% (2023 ж. – болмаған).

Орындалмаған көрсеткіштер:

1) Толығымен ағылшын тілінде оқитын студенттердің үлесі: жоспар – 14%, факт – 8,4%, орындалуы – 60% (2023 ж. – 67%). Орындалмауының себебі: алыс шетелдерден келетін студенттер (олар көбінде ағылшын тілінде білім алады) санының азаюы және қазақстандық азаматтар қабылдауының өсуі.

2) «Ашық деректер» порталында ақпарат орналастыру: жоспар – 20 жарияланым, факт – 0, орындалуы – 0% (2023 ж. – болмаған). Орындалмауының себебі: порталдың техникалық ақаулары және қолжетімділік кілттерінің жаңартылуы себебінен ақпаратты уақытылы жүктеу мүмкін болмады. Қазіргі уақытта мәселе толық шешілген, келесі есепті кезеңде көрсеткішке қол жеткізу жоспарлануда.